



ҚАУІПСІЗДІКТІ КҮШЕЙТУДІ ТАПСЫРДЫ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Премьер-министрге, күштік құрылымдардың басшыларына, «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры мен ұлттық компаниялардың жетекшілеріне, сондай-ақ аймақ әкімдеріне тіршілікті қамтамасыз ететін нысандардың, көлік, энергетика және коммуналдық инфрақұрылымның, соның ішінде әуежайлардың, теңіз және өзен порттарының қауіпсіздік шараларын күшейтуді тапсырды.

Аталған жұмысты үйлестіру Қауіпсіздік Кеңесінің хатшысына жүктелді.

АТА ЗАҢ: ЕҢБЕК – ЕЛДІКТИҢ ЕҢСЕЛІ ТІРЕГІ



Ата Заңның жаңа редакциясында еңбексүйгіштік елдік құндылық ретінде бекіп, адам капиталы мемлекеттің басты байлығы деп танылмақ. Бұл – маңдай тер мен адал кәсіпті ұлттық стратегияның өзегіне айналдыру деген сөз. «Цифрландыру және ЖИ жылы» аясында еңбекпен қамту саласының түбегейлі жаңғыруы – осы ұстанымның нақты көрінісі. Ендеше қабырғалы жұртымыз үшін еңбек енді тұрмыс қамы ғана емес, тәуелсіздіктің тұғырын бекітетін іргелі мұратқа айналғалы тұр.

→ 5

АЛАШТЫҢ АСҚАҚ ӘЛИХАНЫ



Смахан төре Талдыбейітке Әлекеңнің өзі киген баскиімін арулап жерлеген. «Аруағын көмдім» деген үлкен аяушылықпен көмілген бұл жәдігер күні бүгінге дейін топырақ астында сақтаулы. 2015 жылы Әлихан Бөкейханның 150 жылдығының қарсаңында алаштанушы ғалым Айгүл Исмақова бастаған 12 ғалымнан құралған халықаралық экспедиция ең алғашқы зерттеуін Талдыбейіттен бастаған. Осы жерден бір уыс топырақ алып, оны Қарағанды, Қарқаралы, Семей, одан ары Минскіге дейін барып, Ленинградтан өтіп Мәскеудегі Дон зиратына апарып, Алаш көсемі жатқан жерге қойды. Ал 2016 жылғы мерейтой үстінде Мәскеуден әкелінген бір уыс топырақ Ақтоғайдағы зиратқа салынды.

→ 6

АҚОРДА

СЕНІМ ГРАМОТАЛАРЫН ҚАБЫЛДАДЫ



Ақордада Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевқа сегіз мемлекеттің төтенше және өкілетті елшілерінің сенім грамоталарын тапсыру рәсімі өтті.

Сенім грамоталарын Норвегия Корольдігінің елшісі Хелена Санд Андресен, Аргентина Республикасының елшісі Энрике Игнасио Феррер Виейра, Гана Республикасының елшісі Кома Стим Джеху Аппьях, Мали Республикасының елшісі Сейду Камиссоко, Гамбия Республикасының елшісі Алкали Фанка Конте, Бангладеш Халық Республикасының елшісі

Мұхаммед Назрул Ислам, Шри-Ланка Демократиялық Социалистік Республикасының елшісі Шобини Гунасекера, Босния және Герцеговина елшісі Иван Орлич тапсырды.

Қасым-Жомарт Тоқаев дипломаттарға Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық және саяси даму перспективасы жөнінде әңгімеледі.

– Сыртқы сын-кәтерлерге қарамастан Қазақстан аймақтағы тұрақты әрі экономикасы қарқынды ел саналады. Дегенмен біз қол жеткізген жетістіктерге тоқмейілсемей, экономикалық реформаларды дәйекті түрде жалғастырып келеміз. 15 наурыз күні елімізде жаңа Конституция бойынша жалпыхалықтық референдум өтеді. Мемлекетті одан әрі өркендету жолындағы бұл маңызды құжатты халқымыз қолдайды деп ойлаймыз. Жаңа Конституция

Қазақстанда қолға алынған іргелі өзгерістерге берік негіз қалап, демократияландыру мен жан-жақты жаңғырту ісіне қомақты үлес қосалды, сол арқылы елімізді дамытуда тың мүмкіндіктерге жол ашып, халықтың әл-ауқатын арттырады деген үміттеміз, – деді Президент.

Мемлекет басшысы Қазақстанның бейбіт сыртқы саясат жүргізетінін атап өтті. Президенттің айтуынша, әлемдегі барлық кикілжің мен қақтығыстар дипломатиялық құралдар арқылы тек бейбіт жолмен шешілуге тиіс. Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан Шығанақ елдеріне әрдайым тілектес екенін және шиеленістің тезірек шешілуіне үміт артатынын жеткізді.

Кездесу соңында Президент шет мемлекеттер елшілерінің жауапты қызметіне табыс тіледі.

БАЙЛАНЫСПЕН ҚАМТУДЫҢ АУҚЫМЫ АРТАДЫ

Мемлекет басшысы «Қазақтелеком» АҚ басқарма төрағасы Бағдат Мусинді қабылдады.

Қасым-Жомарт Тоқаевқа компанияның қызметі мен соңғы екі жылда жүзеге асырған негізгі инфрақұрылымдық және технологиялық жобаларының қорытындылары жөнінде баяндалды.

Бүгінде «Қазақтелеком» 1,75 миллионнан астам үй шаруашылығына қызмет көрсетеді. Компания ел аумағында талшықты-оптикалық желіні жүйелі түрде кеңейтіп, телекоммуникация нарығының негізгі сегменттерінде көшбасшылық орнын сақтап отыр.

Елді мекендерді байланыспен қамту бойынша ауқымды жұмыс жалғасуда. 2027 жылдың соңына дейін 1 миллионнан астам тұрғыны бар 3 мыңнан аса ауылды сапалы байланыс қызметімен қамтамасыз ету жоспарланған.

Мемлекет басшысына «Каспий ТӨБЖ» халықаралық жобасының жүзеге асырылуы туралы ақпарат берілді. Аталған жоба Ақтау – Сумгаит бағытында суасты талшықты-оптикалық байланыс желісін салуды көздейді. Бұл бастама Қазақстанның транзиттік әлеуетін арттырып, Еуропа мен Азия арасында цифрлық дәліз қалыптастырмақ.

Кездесу барысында деректерді өңдеу инфрақұрылымын дамыту мәселесіне ерекше назар аударылды. Екібастұз қаласында «Деректерді



өңдеу орталығы алқабы» стратегиялық жобасы аясында қуаты кезең-кезеңімен ұлғайтылатын заманауи орталық құрылуда. Бұл жоба халықаралық технологиялық компанияларды тартуға және елдің инвестициялық тартымдылығын арттыруға жол ашады.

Бағдат Мусиннің айтуынша, жасанды интеллект технологияларын енгізуге басымдық беріледі. Корпоративтік процестерді автоматтандыруға арналған ЖИ-агенттерді әзірлеу,

киберқауіпсіздік шешімдерін жетілдіру және мемлекеттік секторды цифрландыру бойынша бірқатар жоба қолға алынды.

Қасым-Жомарт Тоқаев шағын калалар мен ауылдарды сапалы байланыспен және интернетпен қамтудың маңызына назар аударды. Президент цифрландыру мен жасанды интеллектті дамыту салаларында инвестициялық жобаларды уақтылы жүзеге асыруды тапсырды.

БІРІНШІ ТҮРКОЛОГИЯ ҚҰРЫЛТАЙЫ: 100 ЖЫЛДАН СОҢ...



Осыдан тура жүз жыл бұрын Бакудегі әйгілі Исмаил сарайында (1945 жылдан бері Әзербайжан Ұлттық Ғылым академиясының ғимараты) өз жұмысын бастаған Бірінші Түркология құрылтайы күллі түркі дүниесінің тарихында айрықша орын алатын айтулы оқиға болды.

Әрине, сол кезеңнің тарихи жағдайы, құрылтайды өткізудің себептері мен саяси астары, оның ішінде кеңестік билік пен большевиктік партияның белгілі бір мақсаттары бұл оқиғаны түрлі қырынан бағалауға мүмкіндік береді.

→ 7

5 НАУРЫЗ 2026 | БЕЙСЕНБІ

РЕФЕРЕНДУМ – ҚАЗАҚСТАН ДАМУЫНЫҢ ТАРИХИ КЕЗЕҢІ



Талдықорғанда Сенат Төрағасы Мәулен Әшімбаев Жетісу облысының жұртшылығымен кездесті. Сапар аясында өткен іс-шараларға «Жаңа Конституция – ұзақмерзімді дамудың берік негізі» тақырыбы арқау болды. Жергілікті шаруалар, өндіріс қызметкерлері, белсенді жастар, мәслихат депутаттары және этномәдени бірлестіктер өкілдерімен болған кездесулерде жаңа Конституция жобасының маңызды нормалары кеңінен талқыланды.

Сенат Төрағасы мәслихат депутаттарымен және Қазақстан халқы Ассамблеясының өңірдегі өкілдерімен жүздесуде 15 наурыз күні референдумда қазақстандықтар ел болашағына қатысты маңызды шешім қабылдайтынын атап өтті. Ол конституциялық реформа елдің орнықты дамуы, демократиялық қағидаттарды нығайту және саяси жүйені кешенді жаңғырту жолындағы стратегиялық әрі тарихи қадам екеніне баса мән берді. Сондай-ақ ұсынылып отырған өзгерістер Мемлекет басшысы бастамашы болған жаңғыртулардың дәйекті жалғасы екені айтылды. Палата Спикері бұл іргелі реформалар заманауи әрі тиімді мемлекеттік басқару үлгісін қалыптастыруға және билік институттарын жүйелі түрде трансформациялауға арналғанына да тоқталып өтті.

«Жаңа Конституция жобасына байланысты республикалық референдум – Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың елді ауқымды әрі жүйелі жаңғырту бағдарын іске асыру жолындағы тарихи кезең. Еліміздің болашағына қатысты маңызды шешімдерді азаматтардың тандауына сүйене отырып қабылдау демократия қағидаттарына адалдықтың айқын көрінісі екені анық. Конституциялық реформаның басым міндеті – Тәуелсіздікті нығайту және азаматтардың әл-ауқатын арттыру. Осыған байланысты жаңа Конституция жобасында заң үстемдігі мен құқықтық тәртіпті күшейтеу, азаматтардың құқықтары мен мүдделерін қорғауға, сондай-ақ елдің орнықты дамуына басымдық берілген», – деді Мәулен Әшімбаев.

Сонымен қатар Сенат Төрағасы жаһандық сын-қатерлер мен халықаралық тұрақсыздық белен алған қазіргі кезеңде мемлекеттің құқықтық негіздерін жаңғыртудың маңызы арта түскеніне назар аударды. Мұндай қалам Қазақстанның әлемдік үрдістерге бейімделуіне және құқықтық жүйесін жүйелі түрде нығайтуына мүмкіндік береді. Конституция жобасында адам капиталын дамыту, мемлекеттілікті, Тәуелсіздік пен егемендікті нығайту, ішкі саяси тұрақтылық пен қоғамдық келісімді сақтау басты басымдық ретінде белгіленіп отыр.

«Жаңа Конституцияның басты ерекшелігі оның адамға бағдарлануы екенін айрықша атап өткен жөн. Азаматтардың құқықтары мен мүдделеріне назар аудару мемлекеттік саясаттың өзегіне айналып отыр. Ата Заң жобасында адам құқықтары декларативті ереже емес, маңызды қағидаттар және нақты міндеттер ретінде қарастырылған. Бұл – сапалы білімге қолжетімділік, тиімді денсаулық сақтау жүйесі,

ТАЯУ ШЫҒЫСТАҒЫ АХУАЛҒА ЗЕР САЛДЫ



Парламент Сенатының Төрағасы Мәулен Әшімбаев БҰҰ-ның Қазақстандағы Тұрақты Үйлестірушісі Саранго Раднарагчамен кездесті. Тараптар халықаралық күн тәртібіндегі өзекті мәселелерді талқылап, серіктестікті одан әрі нығайтуға қатысты міндеттерге тоқталды.

Сенат Төрағасы сұхбат кезінде Саранго Раднарагчаға ілтипат білдіріп, Қазақстан мен БҰҰ-ның дәйекті ынтымақтастығына негіз болатын іргелі құндылықтарды тілге тиек етті. Сондай-ақ ол еліміз Ұйымның барлық құрылымдарымен тығыз әрі сындарлы байланысты одан әрі нығайтуға мүдделі екенін айтты.

Әлемдегі геосаяси ахуалды талқылау барысында Мәулен Әшімбаев Қазақстан дау-жанжалды халықаралық құқық және БҰҰ Жарғысы аясында дипломатиялық жолмен бейбіт шешуге бейіл екенін атап өтті.

«Біз Таяу Шығыстағы ахуалдың күрт шиеленісуін терең алаңдаушылықпен бақылап отырмыз. Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев

жағдайдың ушығуына байланысты Парсы шығанағындағы бірқатар елдің басшыларына қолдау білдірді. Мемлекет басшысы атап өткендей, Қазақстан қақтығыстарды тезірек тоқтатуды және барлық тараптарды диалог пен дипломатиялық жол арқылы бейбіт реттеуді қолдайды», – деді Мәулен Әшімбаев.

Осыған байланысты палата Төрағасы Орталық Азия аймағының қауіпсіздігін нығайтуда өзекті құрылымның біріне айналған БҰҰ-ның Алматыдағы Өңірлік орталығының маңызы туралы айтты. Ол орталықты құру дер кезінде қабылданған шешім екенін және бұл қадам Қазақстан мен БҰҰ арасындағы сенімге негізделген қарым-қатынас-

тардың нақты нәтижесі саналатынын атап өтті.

Кездесуде Сенат Төрағасы елімізде жүргізіліп жатқан конституциялық реформаның іске асырылу барысына да назар аударды.

«Мемлекет басшысы былтырғы қыркүйекте халыққа арнаған Жолдауында бір палаталы Парламент жүйесіне көшу туралы бастама көтерген еді. Осы мақсатпен Конституциялық реформа жөніндегі комиссия құрылып, еліміздің стратегиялық даму басымдықтарына және қазіргі жаһандық сын-қатерлерге сай жаңа Конституция жобасы әзірленді. Жаңа Ата Заң жобасында құқықтық мемлекет қағидаттары, қоршаған ортаны қорғау және азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз ету принциптері бекітілген. Олар мемлекет үшін ең жоғары құндылықтар ретінде айқындалды. Аталған бастама бойынша қорытынды шешімді еліміздің азаматтары 15 наурызда өтетін республикалық референдумда қабылдайды», – деп Мәулен Әшімбаев БҰҰ-ның Қазақстандағы Тұрақты Үйлестірушісіне жаңа Конституция жобасының маңызды ережелері туралы айтып берді.

Сонымен қатар тараптар алдағы кезеңде арналған бірлескен жұмыстың басым бағыттарын жан-жақты талқылап, Орталық Азиядағы орнықты даму мақсаттарына қол жеткізу және геосаяси шиеленіс жағдайында аймақтағы климаттық сын-қатерлерді еңсеру мәселелері жөнінде пікір алмасты.

Өз кезегінде Саранго Раднарагча Қазақстанға орнықты даму мақсаттарына қол жеткізу, адам капиталын дамыту, инклюзияны қамтамасыз ету және БҰҰ-мен серіктестікті нығайту бағытындағы бастамалары үшін алғыс білдірді. Сондай-ақ ол көпжақты қарым-қатынасты ілгерілетуге және бірқатар бағыт бойынша бірлескен жобаларды іске асыруға дайын екенін жеткізді.

МӘЖІЛІС ДҮНИЕЖҮЗІЛІК БАНКПЕН АРАДАҒЫ КЕЛІСІМДІ РАТИФИКАЦИЯЛАДЫ



Мәжіліс Спикері Ерлан Қошановтың төрағалығымен өткен жалпы отырыста Мәжіліс депутаттары бірқатар халықаралық құжатты, соның ішінде Дүниежүзілік банк тобы ұйымдарымен ынтымақтастық туралы келісімді ратификациялады.

Мәжіліс Бір тараптан Қазақстан Республикасының Үкіметі және екінші тараптан Халықаралық Қайта Құру және Даму Банкі, Халықаралық Қаржы Корпорациясы мен Инвестициялар Кепілдігінің Көпжақты Агенттігі арасындағы Қазақстан Республикасының орнықты дамуына және өркендеуіне жәрдемдесу мақсатымен ынтымақтастықты кеңейту жөніндегі әріптестік туралы негіздемелік келісімді ратификациялап, оны Сенатқа жолдады.

Премьер-министрдің орынбасары – Ұлттық экономика министрі Серік Жұманғариннің айтуынша, осы құжатта мемлекеттік кепілдікпен берілетін қарыздар мен гранттық жобаларды іске асыру барысында ұлттық заңнамалардан өзгеше нормаларды қолдану көзделген. Атап айтқанда, Дүниежүзілік банк тобының тауарлар, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алу қағидаларын, сыбайлас жемқорлыққа қарсы, экологиялық, әлеуметтік, еңбек, гендерлік стандарттар мен ақпаратты көрсету нормаларын пайдалану ұсынылып отыр.

Бұл Келісім жобаларды қаржыландыру құралдарын кеңейтіп, оларды іске асыру рәсімдерін оңтайландыруға, сондай-ақ мемлекеттік шығыстарды басым жобаларға қайта бөлу есебінен бюджетке түсетін жүктемені азайтуға жол ашады. – Келісім күшіне енгеннен кейін бірқатар инфрақұрылым жобаларын қаржыландыру жұмысы басталады. Олардың қатарында «Жезқазған – Қарағанды» және «Бейнеу – Сексеуіл» автожолдарын жаңарту және салу, Қазақстанның теміржол қатынасы мен көлік байланысын трансформациялау жобасын іске асыру, Камбарата ГЭС-1 құрылысы және басқа да жобалар бар, – деді Серік Жұманғарин.

Қосымша баяндама жасаған Мәжіліс депутаты, жұмыс тобының жетекшісі Ерлан Стамбековтің айтуынша, Дүниежүзілік банкпен арадағы бірлескен жобаларды жүзеге асыру ұзақмерзімді перспективада Қазақстанда жаңа жұмыс орындарын ашуға, инновацияларды ынталандыруға, жеке сектор мен шағын және орта бизнесті дамытуға,

өзін халықаралық тәжірибелерді енгізуге және инвестициялық ахуалды жақсартуға ықпал етеді.

Талқылау барысында депутаттар жауапты мемлекеттік органдар өкілдеріне Дүниежүзілік банкпен өзара іс-әрекет қағидаларын қайта қараудың себептері, басқа халықаралық қаржы институттарымен ынтымақтастықта осыған ұқсас тәжірибелердің бар-жоғы туралы сауалдар қойды. Сонымен қатар экономиканы дамыту үшін нақты қандай жобалар жүзеге асырылатынын, қаржы қандай басым салаларға бөлісетінін және олардың әлеуметтік-экономикалық тиімділігі қандай болатынын нақтылады.

Жалпы отырыста сондай-ақ 1993 жылғы 22 қаңтардағы және 2002 жылғы 7 қазандағы Азаматтық, отбасылық және қылмыстық істер бойынша құқықтық көмек пен құқықтық қатынастар туралы Минск және Кишинев конвенцияларына өзгерістер енгізу жөніндегі екі хаттаманы ратификацияланды. Оларды депутаттарға Әділет министрі Ерлан Сәрсембаев таныстырды.

Мәжіліс депутаты, жұмыс тобының жетекшісі, Динара Наумова атап өткендей, түзетулерге сәйкес кәметелетке толмаған балаларға алимент өндіру туралы сот бұйрықтары екі конвенцияға қатысушы мемлекеттердің аумағында танылуға және мәжбүрлеп орындалуға жататын сот актілерін тізбесіне енгізіледі. Осылайша, басқа ТМД елдерінде тұратын борышкерлерге қатысты сот актілерін нақты орындалуын қамтамасыз ететін алименттерді трансшекаралық өндіріп алу тетігі құрылады.

Сонымен қатар Мәжіліс комитеттері Жеке детективтік қызмет туралы, 2010 жылғы 10 желтоқсандағы ТМД-ға қатысушы мемлекеттердің адамдарды мемлекетаралық іздеуі туралы шартына өзгерістер енгізу жөніндегі хаттаманы ратификациялау туралы жаңа заң жобаларын жұмысқа қабылдады.

Жалпы отырыс сонында депутаттар өзекті әлеуметтік және экономикалық тақырыптар бойынша мемлекеттік органдарға 14 депутаттық сауал жолдады. Олар Мәжілістің ресми сайтында және Telegram арнасында жарияланды.

ӨҢІР АРАЛЫҚ ЖОЛДАРДЫҢ ЖАЙЫ ҚАРАЛДЫ

Премьер-министр Олжас Бектенов автожол саласын дамыту мәселелері бойынша Үкімет отырысын өткізді. Онда Мемлекет басшысының Үкіметтің кеңейтілген отырысында берген тапсырмаларын орындауға, оның ішінде жаңа автожол жобаларын жүзеге асыру, өңіраралық желіні дамытуға назар аударылды.



Көлік министрлігінің деректері бойынша Қазақстанда жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарының ұзындығы 95 мың шақырымды құрайды, оның 25 мың шақырымы республикалық, ал 70 мың шақырымы жергілікті желіге тиесілі. Алдағы үш жылда 32 мың шақырым жергілікті жолдарды нормативтік жағдайға келтіру, қамту көлемін бес есеге арттыру жоспарлануда. 2029 жылға қарай 10 мың шақырым жол ортамерзімді жөндеуден өтеді, оның 5 мың шақырымы аяқталды.

Премьер-министр Олжас Бектенов «Қарағанды – Жезқазған», «Бейнеу – Сексеуіл» және басқа да жобалар бойынша биыл барлық қажетті жобалық құжаттаманы әзірлеуді аяқтау керек екенін атап өтті. Сондай-ақ Астана, Арқалық және Ырғызды байланыстыратын «Орталық – Батыс» жобасын жеделдету қажет. Жұмысты бақылау Премьер-министрдің бірінші орынбасары Роман Склярға, «Орталық – Батыс» жобасын үздіксіз қаржыландыруды қамтамасыз ету Премьер-министрдің орынбасары – ұлттық экономика министрі Серік Жұманғаринге жүктелді.

ХАЛЫҚТЫҚ РЕФЕРЕНДУМ

5 НАУРЫЗ 2026 | БЕЙСЕНБІ

КӨШБАСШЫ ӘЙЕЛДЕР ЖАҢА КОНСТИТУЦИЯ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫН ТАЛҚЫЛАДЫ



Елордадағы ЕХРО конгресс-орталығында «Әйел әлемі – ел тағдырына жауапкершілік» ұранымен көшбасшы әйелдердің кездесуі өтті. Іс-шарада Парламент Мәжілісінің Төрағасы Ерлан Қошанов және Премьер-министрдің орынбасары – Мәдениет және ақпарат министрі Аида Балаева сөз сөйледі. Залда Қазақстанның барлық өңірінен келген мыңға жуық көшбасшы әйел – білім беру, денсаулық сақтау, кәсіпкерлік, ғылым, әлеуметтік салаларының және азаматтық сектордың өкілдері жиналды. Іс-шара аясында жаңа Конституцияны қабылдау бойынша 15 наурызда өтетін референдум талқыланды.

Сөз басында Мәжіліс Спикері, «AMANAT» партиясының Төрағасы, «Әділетті және Прогрессивті Қазақстанның Халықтық Конституциясы үшін!» Жалпыұлттық коалициясының жетекшісі Ерлан Қошанов Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев гендерлік саясатқа ерекше мән беретінін атап өтіп, ел Президентінің әйелдер қауымының жұмысқа өте ұқыпты, әр іске тиянақты, жауапкершілікпен қарайтыны арқылы ерекшеленетіні, сондықтан оларға ең сезімтал әрі әлеуметтік маңызы жоғары салалар тапсырылатыны туралы айтқан сөзін еске салды.

Ерлан Қошанов қоғамдағы әйелдердің ролі туралы айта келе, олардың адамға деген қамқорлығы, отбасы тағдырына деген

жауапкершілігі және балалардың болашағына алаңдаушылығы мемлекеттегі адамгершілік құндылықтарының берік негізін қалыптастыратынын атап өтті. Оның айтуынша, дәл осы құндылықтар бүгінде жана Конституцияның негізгі қағидаттарынан көрініс табады. Оның өзегінде адам, қаліп-қасиеті, қауіпсіздігі және дамуына берілген мүмкіндіктер тұр.

Сондай-ақ Мәжіліс Спикері Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев терең интеллектуалды тұлға ретінде қазақстандықтарды білімді, кітап оқитын әрі ойлана білетін ұлт ретінде көргісі келетіні туралы арманымен үнемі бөлісіп жүретінін атап өтті.

«Президент бірнеше рет атап өткендей, әр адам білім алуға, өзін дамытуға талпынуға

тиіс. Қасым-Жомарт Тоқаевтың осы өмірлік көзқарасы жана Конституцияның идеологиясымен үндеседі. Онда еліміздің білімді және прогрессивті қоғамға қарай даму жолы айқындалған. Оның басты байлығы – адам капиталы және жастардың терең білімі. Қарапайым тілмен айтқанда, бұл біздің балаларымыз бен немерелеріміз білімнің терең құндылығын түсініп, ғылымға, мәдениетке ұмтылады деген сөз. Бәлкім, бұл – Президенттің ең асыл арманы, енді Конституцияның өзегіне айналады», – делі о.

Сондай-ақ Ерлан Қошанов «AMANAT» партиясының Әйелдер қанаты аз уақытта еліміздегі ең белсенді қоғамдық-саяси аялдардың біріне айналғанын атап өтті. Үш жылда белсенді әйелдер қыз-келіншектері қолдауға, балаларды қорғауға және отбасылық құндылықтарды нығайтуға бағытталған жүзеге бастаманы жүзеге асырды. Әйелдер «Қарызыз қоғам», «Ауыл аманаты», Tomiris, «Бақытты отбасы», «Кедергісіз келешек» сияқты партияның әлеуметтік жобаларын жүзеге асыру ісінде маңызды рөл атқарып келеді.

Мәжіліс Спикерінің айтуынша, әйелдер тарапынан атқарылып жатқан жұмыс білім беру бастамаларын дамыту ісінде де айқын байқалады. Мәселен, Әйелдер қанатының атсалысуымен әйелдер көшбасшылығына

қатысты магистрлік бағдарлама әзірленіп, ол Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетімен және Almaty Management University-мен бірлесіп жүзеге асырылуда.

Сонымен қатар ол Әйелдер қанатының белсенділері заң шығару қызметіне де елеулі үлес қосып келе жатқанын айтты. Олардың бастамасымен тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы күреске бағытталған заң қабылданды, сондай-ақ психологиялық қызмет көрсету ісін дамытуға қатысты түзетулер әзірленді. Бұдан бөлек, дәл осы белсенді әйелдер аутизмге шалдыққан балаларды және ерекше балаларды тәрбиелеп отырған отбасыларды қолдау мәселесін көтеріп, соның негізінде тиісті заң жобасын әзірлеуге және балалардың дамуындағы ауытқуларды ерте диагностикалау жүйесін енгізуге бастамашы болды.

Жалпы, бүгінде әйелдер білік органдарында, бизнес және қоғамдық ұйымдарда басшылық қызметтерді барынша көп атқара бастады. Олардың белсенділігі мемлекетті жаңғыртудың нақты қозғаушы күшіне айналып отыр. Мұның барлығы – әйелдерді қолдауға бағытталған жүйелі мемлекеттік саясаттың нәтижесі.

Ерлан Қошанов жана Конституцияда отбасы институты мен дәстүрлі құндылықтарды қорғау ісіне ерекше назар аударылғанын атап өтті. Ата Заң жобасында неке ер мен әйелдің ерікті және тең құқықты одағы екені нақты бекітілді. Бұл балалардың дүниеге келуі мен тәрбиеленуіне қажет берік негіз қалыптастырады. Сонымен қатар мемлекет әйелдердің құқығын қорғау шараларын күшейтеді. Атап айтқанда, «қыз алып қашу» әрекеті үшін жауапкершілік күшейтілді. Мемлекет басшысы Ұлттық құрылтай отырысында атап өткендей, бұл дәстүр емес, адам құқығын өрескел бұзу саналады. Осы қаламдардың барлығы отбасы институтын нығайтуға, әйелдердің ар-намысы мен қадір-қасиетін қорғауға және қауіпсіз әрі әділетті қоғам құруға бағытталып отыр.

Мәжіліс Спикері жер жүзінде жана қақтығыстар мен шиеленіс ошақтары пайда болып жатқанын да атап өтті. Жаһан жұртшылығының назарын аударған Иран төңірегіндегі жағдай ешкімді бейжай қалдырмайды. Сондықтан еліміздегі бейбітшілік, тұрақтылық және қоғамдық келісім – ең қымбат қазына. Оның айтуынша, Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың салмақты саясаты мен жоғары халықаралық беделі арқылы Қазақстанда тұрақтылық пен ауызбіршілік сақталып келеді. Осыған байланысты, жана Конституция қабылдау

– мемлекеттілікті одан әрі нығайтуға және басқару тиімділігін арттыруға бағытталған стратегиялық қадам. Ата Заң негізгі білік институттарының өкілеттігін нақты айқындап, президенттік басқару формасын елдегі тұрақтылықтың, реформалар сабақтастығының және орнықты дамуың негізі ретінде сақтайды. Сондай-ақ ол барлық білік тармағының үздіксіз, жүйелі және үйлесімді жұмысын қамтамасыз ету кепілі саналады. Бұл – ел ішіндегі тұрақтылықтың, орнықты дамуың және Тәуелсіздікті нығайтудың берік негізі.

Премьер-министрдің орынбасары – Мәдениет және ақпарат министрі, Президент жанындағы Әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі ұлттық комиссияның төрағасы Аида Балаева жана Конституция жобасы Қазақстанның әлеуметтік мемлекет ретіндегі сипатын сақтап қана қоймай, оны одан әрі нығайтатынын ерекше атап өтті. Вице-премьердің айтуынша, осы бағыттағы өзгерістер халықаралық деңгейде де оң бағаланып отыр. БҰҰ өкілдерінің пайымдауынша, Қазақстандағы конституциялық жаңғырту негізгі құқықтарды нығайтуға, институционалдық кепілдіктерді күшейтуге және гендерлік теңдіктің ұлттық даму басымдықтарының ажырамас бөлігі болып қала берудіне жана серпін береді.

Іс-шара барысында форум делегаттары жана Конституция жобасында қоғамның негізгі сұраныстары қамтылғанын атап өтті. Цифрлық ортада жеке деректерді қорғау нормаларын бекіту, ғылымға, білім мен инновацияға стратегиялық басымдық мәртебесін беру, отбасы институтын нығайту, ана мен баланы қорғау сынды маңызды мәселелерге де баса назар аударылды. Сондай-ақ инклюзивті білім беру ісін дамыту, медицина қызметкерлерін қолдау, құқықтық айқындықты қамтамасыз ету және жекеменшікті қорғау, қоғамдық диалогтағы бұқаралық ақпарат құралдарының ролі және волонтерлік қызметті институционалдық тұрғыда қолдау ісіне де ерекше мән берілді.

Жалпыұлттық Коалицияның баспасөз қызметі

Суретті түсірген: Жаслан Жұмабеков, Талғат Таныбаев
Дайындаған: «AMANAT MEDIA GROUP» ЖШС
Тапсырыс беруші: М.Ж. Оспанов «AMANAT» партиясы» ҚБ қаражатынан төленді

БИЗНЕС ПЕН ӨНЕРКӘСІП ӨКІЛДЕРІ ЖАҢА КОНСТИТУЦИЯНЫ ҚОЛДАДЫ



Мемлекеттік кеңесші Ерлан Карин «Әділетті және Прогрессивті Қазақстанның Халықтық Конституциясы үшін!» Жалпыұлттық коалициясының мүшелерімен бірге Абай облысына барып, өңір жұртшылығымен бірқатар кездесу өткізді.

Мемлекеттік кеңесшімен бірге өңірде Жалпыұлттық коалиция мүшелері – Мәжіліс депутаттары Нұртай Сабильянов, Ерлан Саиров, Нартай Сәрсенғалиев, Оқу-ағарту министрі Жұлдыз Сүлейменова, ақын Мұхтар Ниязов, Президент жанындағы Жастар саясаты жөніндегі кеңестің мүшесі Олжас Сүлеймен және өзге де азаматтар барды. Сапар аясындағы негізгі іс-шара – Абай атындағы облыстық кітапханада өткен өңір активімен кездесу. Талқылау жұмысына 500-ге жуық адам – мәслихат депутаттары, қоғамдық кеңес мүшелері, саяси партиялардың, Қазақстан халқы Ассамблеясының, ардагерлер ұйымдарының, бизнес, білім беру, денсаулық сақтау, спорт салаларының, ғылыми және жастар қауымының өкілдері қатысты.

Диалогтың өзегі – жана Конституция жобасының ережелері мен алдағы 15 наурызда өтетін республикалық референдумның маңызы.

Мемлекеттік кеңесші Ерлан Карин жобаны әзірлеу жұмысы ашықтық және кең қоғамдық қатысу қағидатына негізделгенін, e-Open және eGov цифрлық платформалары арқылы азаматтардан келіп түскен ұсыныстар ескерілгенін атап өтті. Оның айтуынша, ұсынылып отырған өзгерістер мемлекеттік басқару жүйесінің тұрақтылығын нығайтуға, білік институттарының өкілеттігі мен

жауапкершілігі арасындағы теңгерімді күшейтуге, сондай-ақ адам капиталын, білім мен ғылымды және инновацияны мемлекеттің стратегиялық басымдықтары ретінде дамытуға бағытталды.

«Жаңа Конституциядағы негізгі тұжырымдамалық ережелердің басым бөлігі тікелей Қасым-Жомарт Кемелұлының бастамасымен ұсынылды. Мәселен, жана преамбула Президенттің тұжырымдамалық тезистері негізінде әзірленді. Мемлекет басшысы – азаматтарымыздың мүддесін қорғауға бағытталған бірқатар норма мен жаңашыл бастаманың авторы», – делі Ерлан Карин.

Мәжіліс депутаты Нұртай Сабильянов меншік нысандарының барлық түрін қорғау, ұлттық заңнаманың басымдығы мен ұлттық валютаның рөлін бекіту сынды экономикалық кепілдіктер күшейтілгенін атап өтті. Бұл бизнес пен инвестициялар үшін тұрақты жағдай қалыптастырады. Оқу-ағарту министрі Жұлдыз Сүлейменова білім, ғылым және инновацияны дамыту мәселесі стратегиялық басымдық деңгейінде бекітілгенін, бұл адам капиталын қалыптастыруға бағытталған мемлекеттік қолдауды күшейтетінін мәлімдеді.

Мәжіліс депутаты Ерлан Саиров заң шығару білік тармағы жанарғанына және Құрылтайдың бақылау функциялары күшейгеніне назар аударса, облыстық

ардагерлер кеңесінің төрағасы Мұратказы Алин жана Конституцияның ұлттық мәдениет пен дәстүрлі отбасылық құндылықтарды нығайтуға маңызын атап өтті.

Сонымен қатар сапар аясында өңірдегі шығармашылық зиялы қауым өкілдерімен кездесу өтті.

Талқылау тақырыптары – мәдениеттің, тарихи жадының және ұлттық бірегейліктің ролі. Ерлан Карин жана Конституция тек құқықтық құжат қана емес, қоғамның құндылық бағдарын айқындайтын заманауи қоғамдық келісім ретінде қарастырылатынын атап өтті. Оның айтуынша, жоба негізінде адамға бағдарланған тәсіл жатыр. Онда мемлекеттік саясаттың басты бағдары – азаматтардың құқығы, бостандығы мен мүмкіндіктері.

Қатысушылар мемлекеттік қызмет қағидаттарының тізбесінде тарихи-мәдени мұраны сақтау мен ұлттық мәдениетке қолдау көрсету нормаларын бекітуге қолдау білдірді. Сапар барысында Жалпыұлттық коалиция мүшелері кәсіподақ ұйымдарымен, педагогтар қауымымен, мәдениет саласының өкілдерімен, «СемАЗ» ЖШС еңбек ұжымымен және өңір жастарымен де кездесті. Диалог аясында еңбек адамының құқығын қорғау, әлеуметтік кепілдікті қамтамасыз ету, білім мен ғылымды дамыту, өңірлердің экономикалық тұрғыда дамуына тұрақты жағдай жасау және жастардың өзін таныту мүмкіндіктерін кеңейту мәселелері талқыланды.

Жалпы, Абай облысындағы кездесулер жергілікті жұртшылықтың алдағы референдумға ерекше назар аударып отырғанын және жана Конституция жобасына жоғары деңгейде қолдау білдіретінін көрсетті. Қатысушылар аталған құжат қоғамның әділдікке, тұрақтылыққа және жаңғыртуға деген сұранысын айқындайтынын, әлеуметтік кепілдіктерді күшейтіп, елдің қарқынды дамуына жағдай жасайтынын атап өтті.

Жалпыұлттық Коалицияның баспасөз қызметі

Суретті түсірген: Әли Ғалым
Дайындаған: «AMANAT MEDIA GROUP» ЖШС
Тапсырыс беруші: М.Ж. Оспанов «AMANAT» партиясы» ҚБ қаражатынан төленді

Әрқайсымыздың дауысымыз маңызды!

15 НАУРЫЗ
РЕФЕРЕНДУМ

«Дауыс беруге арналған бюллетень»

2026 жылдың 15 наурызында «Жобасы бұқаралық ақпарат құралдарында 2026 жылғы 12 ақпанда жарияланған Қазақстан Республикасының жаңа Конституциясын қабылдайсыз ба?» деген сауал бойынша республикалық референдум өтеді.

Референдумда әрбір қазақстандық жеке дауыс береді. Бюллетень жеке басын куәландыратын құжатты көрсеткен кезде референдумда дауыс беруге құқылы азаматтар тізімі негізінде беріледі. Содан кейін Сіз бюллетенді алғаныңыз туралы тізімге қол қоясыз.

Бюллетень жасырын дауыс беруге арналған кабинада толтырылады. Бюллетеньде Сіз өзіңіз жақтап дауыс беретін жауап нұсқасының оң жағындағы бос шаршыға кез келген белгі қоясыз. Бюллетеньге қарындашпен белгі қоюға, сондай-ақ оған қандай да бір түзету енгізуге болмайды. Толтырылған бюллетенді дауыс беру жөшігіне саласыз.

Әрқайсымыздың дауысымыз маңызды!

Қазақстан Республикасының
Орталық референдум комиссиясы
www.election.gov.kz

ХАЛЫҚТЫҚ РЕФЕРЕНДУМ

5 НАУРЫЗ 2026 | БЕЙСЕНБІ

МӘЖІЛІС ДЕПУТАТТАРЫ АЙМАҚТАРДЫ АРАЛАДЫ

Мәжіліс депутаттарының алдағы республикалық референдум және жаңа Конституция жобасын талқылау бойынша өңірлерде халықпен кездесулері жалғасуда. Олар Ата Заңның басты нормаларын, референдум өткізу тетіктерін түсіндіреді және жұртшылықтың сұрақтарына жауап береді.



Конституцияның «Адам мемлекет үшін емес, мемлекет адам үшін» қағидасы, цифрлық ортада құқық қорғауды күшейту, білім беруді, ғылым мен инновацияларды дамыту, сондай-ақ Құрылтай және басқа да жаңа саяси механизмдердің құрылуы сынды идеялар мен жанаушылықтар төңірегінде қызу талқылаулар өрбітіп жатыр.

Мәжілістің Халықаралық істер, қорғаныс және қауіпсіздік комитетінің төрағасы Айгүл Құспан мен депутат Олжас Құспан Астанада «Қазақстан темір жолы» АҚ филиалы Теміржол көлігі персоналын бағалау және дамыту орталығына барды. Кәсіпорын ұжымымен кездесуде конституциялық өзгерістер аясындағы еңбек қауіпсіздігі және қызметкерлердің құқықтарын қорғау мәселелері талқыланды. Депутаттар еңбек жауапкершіліктің артуына және қиындықтарға байланысты теміржол саласының қызметкерлері үшін бұл өте маңызды екенін атап өтті. Конституция жобасында қауіпсіз еңбек жағдайлары, әділ жалақы, әлеуметтік кепілдіктер және еңбек дауларын заңды түрде шешу құқығы сынды азаматтардың өмір сүру сапасына тікелей әсер ететін ережелер туралы нормалар бекітілген.

Депутат Дүйсенбай Тұрғанов Атырау жұртшылығымен бірқатар кездесу өткізді. Атырау мұнай өңдеу зауытының ұжымымен кездесуде ол 15 наурызға белгіленген референдум баршаға өз ұстанымын білдіруге және елдің болашағына ықпал етуге мүмкіндік беретінін атап өтті.

– Мемлекет басшысы атап өткендей, еліміздегі реформалар ешқашан мұндай кен әрі жалпыхалықтық деңгейде талқыланған емес. Бұл «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасының айқын көрінісі. Жаңа құжаттың негізінде «Күшті Президент – ықпалды Парламент – есеп беретін Үкімет» қағидасы жатыр. Ұсынылған өзгерістер – соңғы жылдардағы саяси жаңғырулардың қисынды жалғасы. Басты мақсат – мемлекеттік институттарды тиімдірек, орнықты және қоғам алдында жауапты ету, – деді Д.Тұрғанов.

Кездесу барысында кәсіпорын қызметкерлері Экологиялық күн тәртібі бойынша сұрақтар қойды. Депутат құжатта алғаш рет мемлекеттік саясат қағидаттарының бірі ретінде экологиялық мәдениетті қалыптастыру бекітіліп, қоршаған ортаны қорғау басымдықтар қатарына енгізілгенін айтты.

Тағы бір кездесу 10 мыңнан астам студент білім алатын Халел Досмұхамедов атындағы Атырау университетінде өтті. Онда жаңа жалпыұлттық диалог алаңы – Халық Кеңесін құру, сондай-ақ Вице-президент институтын енгізу мәселелері

қызығушылық тудырды. Депутат жаңадан құрылатын консультативтік орган қоғамның мүдделерін білдіретінін, ол заң шығаруға бастамашы болу құқығына ие болатынын атап өтті. Вице-президент Парламентпен, Үкіметпен және басқа да мемлекеттік органдармен бірлесіп қызмет атқаралы. Мемлекет басшысы айқындайтын өзге де құзыреттерге ие болады.

Дүйсенбай Тұрғановтың Атырау облысы Су Арнасы ұжымымен кездесуде экологиялық бастамалар мен табиғи ресурстарды ұтымды пайдалану мәселелері сөз болды. Депутат Конституция жобасында жердің, жер қойнауының, су көздерінің және басқа да табиғи ресурстардың несі халық екендігі туралы ереже бекітілетінін, бұл мемлекеттің оларды сақтау жөніндегі жауапкершілігін күшейтетінін атап өтті.

Мәжіліс депутаты Марат Башимов те белсенді түсіндіру жұмысын жүргізді. Сенатор Геннадий Шиповских екеуі «КазТрансОйл» компаниясының ұжымымен реформалардың келешегін талқылады. Кездесуде 12 өңірден және шетелдік филиалдардан келген бөлімшелердің қызметкерлері қатысты.

Депутаттар жаңа Конституция жобасының негізгі ережелері туралы баяндап, қызметкерлердің сұрақтарына жауап берді. Олар ұсынылған өзгерістер еңбек кепілдіктеріне, кәсіби тұрғыда өсуге, заманауи технологияларды енгізуге және инфрақұрылымды дамытуға қалай әсер ететінін айтты. Компания басшылығы конституциялық өзгерістер мемлекеттің стратегиялық салалар үшін жауапкершілігін күшейтетінін және мұнай тасымалдау жүйесін ұзақмерзімді дамыту, цифрлық шешімдерді енгізу, адами капиталды дамыту, жұмыскерлерді әлеуметтік қорғауды нығайту және экологиялық тұрақтылықты қамтамасыз ету үшін құқықтық негіз қалыптастыратынын атап өтті.

Сонымен қатар Мәжіліс депутаттары Марат Башимов, Нұрғұл Тау және Павел Казанцев Мәдениет және ақпарат министрлігінің ұжымымен кездесті. Диалог барысында жаңа Конституцияның басты нормалары, адам құқығы мен еркіндігіне басымдық берілу, құқықтық мемлекет қағидаттарын нығайту, билік тармақтарының аражігін ажырату және мемлекеттің зайырлы сипатын сақтау мәселелері қарастырылды.

Астанада Мәжіліс депутаттары Нұрлан Әуесбаев пен Ажар Сағандықова өңірлердің белсенді жастарымен кездесті. Жыныға қатысушылар ұсынылған конституциялық өзгерістерге, олардың мемлекеттік басқару жүйесіне әсеріне және азаматтардың құқықтарын қорғау тетіктерін ерекше атады.

ЖЕКЕ ДЕРЕКТЕР – ЕҢ ҚҰНДЫ РЕСУРС

Биыл Қазақстанда Цифрландыру және жасанды интеллект жылы деп жарияланды. Кейінгі жылдары елде мемлекеттік қызметтен бастап, банк жүйесіне дейін көптеген сала онлайн форматқа көшті. Адамдардың жеке мәліметтері де көбіне цифрлық жүйелерде сақталады. Сондықтан жаңа Конституция жобасында азаматтардың цифрлық ортадағы құқықтарын қорғау мәселесіне ерекше назар аударылып отыр.



Ең басты жанаулық – мұндай құқықтар Қазақстанда алғаш рет Конституция деңгейінде бекітілмек. Бұған дейін азаматтардың жеке өміріне қатысты кейбір нормалар заңдар мен кодекстерде ғана жазылған еді. Ал егер жаңа Конституция жобасы жалпыхалықтық референдумда қабылдана, бұл құқықтар елдің Ата Заңында тікелей көрсетіледі.

Жаңа норманың негізгі мақсаты – азаматтардың жеке өмірін цифрлық технологиялар арқылы заңсыз бақылаудан немесе мәліметтердің сыртқа тарауынан қорғау. Бұл жерде бірнеше маңызды мәселе қамтылған: жеке өмір мен отбасы құпиясының сақталуы; жеке деректердің заңсыз жиналуына немесе пайдаланылуына жол бермеу; электронды хат алмасу мен телефон сөйлесулерінің құпиясы; интернет пен цифрлық платформалардағы қауіпсіздік.

Бүгінде қазақстандықтардың деректері түрлі жүйеде сақталады: әлеуметтік желілерде, мемлекеттік қызмет порталдарында, банктерде. Сондықтан мұндай ақпараттың таралуы немесе заңсыз қолданылуы үлкен қауіп тудыруы мүмкін.

Әділет министрлігіне қарасты Заңнама және құқықтық ақпарат институтының өкілі Тимур Авеннов дәл осы жаңа өзгерістің мөнін былай түсіндіреді:

«Бұрын Конституцияда жеке өмірге қол сұқпау, хат алмасу құпиясы сияқты жалпы құқықтар ғана көрсетілген болатын. Енді сол құқықтар цифрлық ортаға да тікелей қатысты екені нақты жазылады. Қазір азаматтардың жеке деректері әлеуметтік желілерде де, eGov сияқты мемлекеттік жүйелерде де сақталады. Сондықтан олардың таралуы – құқықбұзушылық болып саналады. Жаңа норма осы мәселелерді Конституция деңгейінде бекітпек», – деді ол.

Сарапшылардың айтуынша, цифрлық құқықтарды Конституцияда көрсету тек азаматтарды қорғап қана қоймай, мемлекеттік органдардың жауапкершілігін де күшейтеді.

XXI ғасырда жеке деректер – ең құнды ресурстардың бірі. Сондықтан оларды қорғау нақты әрі түсінікті заңдық кепілдіктерді қажет етеді. Сонымен қатар жаңа нормалар әлеуметтік саладағы цифрлық өзгерістерге де қатысты. Мысалы: онлайн қызметтердің мүмкіндігі шектеулі азаматтарға қолжетімді болуы; мұғалімдердің цифрлық дағдыларын дамыту; мемлекеттік сервистердің қауіпсіз жұмыс істеуі.

Сарапшылар тағы бір маңызды мәселені атап өтеді: қауіпсіздік тек заңдармен ғана қамтамасыз етілмейді. Әр азаматтың өзі де цифрлық гигиенаны

сақтауы қажет. Яғни, күмәнді сілтемелерге кірмеу, жеке деректерді бөгде адамдарға бермеу, күрделі құпиясөздер қолдану. Өйткені технология дамыған сайын киберқылмыс түрлері де көбейіп келеді.

Жаңа Конституция жобасында қазақстандықтардың жеке деректерін интернетте қорғау құқығы да нақты көрсетілген. Бұл норма азаматтарға өздері туралы ақпараттың қалай жиналып, қалай пайдаланылып жатқанын бақылауға мүмкіндік береді. Яғни, адамның аты-жөні, мекенжайы, телефон нөмірі, медициналық деректері сияқты мәліметтерді біреу заңсыз жинап, сақтап немесе тарата алмайды. Мұндай ақпарат интернетте де, түрлі цифрлық сервистерде де қорғалуға тиіс. Бұл талап жаңа Конституция жобасының 21-бабында жазылған.

Сонымен қатар мамандар интернеттегі қауіпсіздік мәселесінде балалардың құқығын қорғау ерекше маңызды екенін айтады. Цифрлық орта балаларға білім алуға, жаңа мүмкіндіктерді менгеруге жол ашқанымен, оның өз тәуекелдері де бар. Мысалы, балалардың жеке деректерінің заңсыз қолданылуы немесе интернеттегі түрлі қысым мен қорлау жағдайлары жиілеп келеді.

Бұл бағытта БҰҰ-ның Балалар қоры – ЮНИСЕФ те Қазақстандағы мемлекеттік органдармен бірге жұмыс істеуде. Ұйым сарапшылары жаңа Конституция жобасын талдап, әсіресе, балалар мен жасөспірімдердің құқықтарына қатысты нормаларға өз ұсыныстарын берген.

ЮНИСЕФ өкілдерінің пікірінше, Конституция – елдегі барлық заңның негізі. Сондықтан онда балалардың құқықтарын қорғауға қатысты нақты кепілдіктердің болуы әр бала үшін маңызды. Оның қай жерде тұратынына немесе әлеуметтік жағдайына қарамастан, әрбір баланың қауіпсіздігі қамтамасыз етілуі тиіс.

Әминә МҰХАНБЕТ



**ЖАЛПЫҰЛТТЫҚ КОАЛИЦИЯ
«ӘДІЛЕТТІ ЖӘНЕ ПРОГРЕССИВТІ
ҚАЗАҚСТАННЫҢ ХАЛЫҚТЫҚ
КОНСТИТУЦИЯСЫ ҮШІН»**

15
НАУРЫЗ
referendum2026.kz



**Әрқайсымыздың
дауысымыз маңызды!**

15 НАУРЫЗ
РЕФЕРЕНДУМ

«Есептен шығару куәлігі»

2026 жылдың 15 наурызында республикалық референдум өтеді.

2026 жылғы 27 ақпаннан бастап Сізге өз учаскеңізде референдумға қатысуға құқылы азаматтардың тізімінде өзіңіз туралы деректерді тексеру мүмкіндігі берілетін болады.

Қандай да бір өзгерістер енгізу қажет болса Сіз дереу учаскелік референдум комиссиясына өтінішпен жүгіне аласыз. Егер азамат өзінің болатын жерін өзгертсе, ол 2026 жылғы 27 ақпаннан бастап, 14 наурыз күнгі сағат 18:00-ге дейін учаскелік референдум комиссиясына өтініштің негізінде есептен шығару куәлігін алуға құқылы. Есептен шығару куәлігін сенімхат негізінде алуға рұқсат етіледі.

Есептен шығару куәлігін ұсынған кезде учаскелік референдум комиссиясы дауыс беру күні азаматты оның болатын жері бойынша учаскедегі тізімге енгізеді. Бір елді мекеннің шегіндегі басқа учаскеде дауыс бергісі келетін азаматтарға есептен шығару куәлігі берілмейді.

Әрқайсымыздың дауысымыз маңызды!

Қазақстан Республикасының
Орталық референдум комиссиясы

www.election.gov.kz

ҚОҒАМ

5 НАУРЫЗ 2026 | БЕЙСЕНБІ



АТА ЗАҢ: ЕҢБЕК – ЕЛДІКТИҢ ЕҢСЕЛІ ТІРЕГІ

Алдағы референдум Ата Заң аясында еңбекқорлық пен жасампаздықты ұлттық құндылық ретінде төрге оздыратын тарихи белес болғалы тұр. Жаңа Конституция жобасы адам капиталын мемлекеттің басты қазынасы деп танып, әлеуметтік әділеттілік пен лайықты тұрмысқа құқықты кепілдік береді. Осы бағыттағы іргелі өзгерістер жасанды интеллект пен жаппай цифрландыру игілігімен ұштасып, жүздеген мың отандас үшін сапалы жұмыс орнын құруға әрі еңбек нарығын технологиялық тұрғыдан жаңғыртуға жол ашпақ.

А Айхан ШӘРІП

КОНСТИТУЦИЯ ТӨРІНДЕ – ЕҢБЕК ҚҰНДЫЛЫҒЫ

Ата Заңның жаңа редакциясында еңбексүйгіштік елдік құндылық ретінде бекітіліп, адам капиталы мемлекеттің басты байлығы деп танылмақ. Бұл – маңдай тер мен адал кәсіпті ұлттық стратегияның өзегіне айналдыру деген сөз. «Цифрландыру және ЖИ жылы» аясында еңбекпен қамту саласының түбегейлі жаңғыруы – осы ұстанымның нақты көрінісі. Ендеше қабырғалы жұрттымыз үшін еңбек енді тұрмыс қамы ғана емес, тәуелсіздіктің тұғырын бекітетін іргелі мұрағат айналғалы тұр.

Жаңа Конституция жобасында еңбекке ерекше орын берілген. Оның 3-бабында: «1. Қазақстан Республикасы қызметінің негіз құраушы қағидаттары: Егемендік пен Тәуелсіздікті қорғау; адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын сақтау; заң мен тәртіп үстемдігін қамтамасыз ету; жалпыұлттық бірлікті бекемдеу; халықтың әл-ауқатын арттыру; жауапты әрі жасампаз отаншылдық идеясын ілгерілету; қоғамдық диалогты дамыту; еңбексүйгіштік, прогресс, білім құндылықтарын бекіту; жоғары экологиялық мәдениетті қалыптастыру; тарихи-мәдени мұраны сақтау; төл мәдениетті қолдау» деп жазылған. Яғни, бұл ата-бабадан дарыған асыл қасиет қана емес, ендігі жерде конституциялық мәртебеге ие қасиетті құндылық. Еңбексүйгіштік ұғымының конституциялық деңгейде бекітілуі – тек моральдық үндеу емес, мемлекеттік идеологияның тірегіне айналатын құқықтық тұғыр. Халықтың әл-ауқатын арттыру, прогресс пен білімге ұмтылу – бәрі де еңбекпен астасалы. Демек, еңбек енді тек әлеуметтік категория емес, елдік сананың конституциялық өлшемі.

Бұдан бөлек, оның 27-бабы толығымен дерлік еңбекке арналады. Біріншіден, «әр адамның еңбек етуге, қызмет пен кәсіп түрін еркін тандауға құқығы бар. Еңбекке мәжбүрлеп тартуға қылмыстық немесе әкімшілік құқық бұзушылық жасағаны үшін адамды кінәлі деп тану туралы сот актісінің негізінде, не төтенше жағдайда, не соғыс жағдайында жол беріледі». Екіншіден, «Қазақстан Республикасы қауіпсіздік пен гигиена талаптарына сай еңбек жағдайлары құқығына, еңбегі үшін қандай да бір кемсітуші сыйақы алу, сондай-ақ әлеуметтік қорғалу құқығына заңға сәйкес кепілдік береді».

Үшіншіден, «Занда белгіленген тәсілдерді қолдана отырып, жеке және ұжымдық еңбек дауларын шешу құқығы танылады». Төртіншіден, еңбекшілердің демалысы Конституция жүзінде кепілдендіріледі: «Тынығу жұмыс уақытының ұзақтығы, демалыс және мереке күндері, ақы төленетін демалыс құқығына заңмен кепілдік беріледі».

Құжаттың 30-бабында «Кемелетке толған еңбекке қабілетті балалар еңбекке жарамсыз ата-анасына қамқорлық жасауға міндетті», – деп бекітілген. Яғни, еңбекке қабілеттілік ата-анасын күтіп-бағудың шартына айналады. Бұл – мүгедектігі бар жандарға артық салмақ салмай, аяқ-қолы бағалай ересек перзентерінің масылдығына тосқауыл қоятын әділетті қадам. Еңбекке қабілеттілік – тек жеке табыс табудың құралы емес, ұрпақтық жауапкершіліктің де ұстыны. Сөйтіп, Конституция отбасы мен еңбекті өзара сабақтастыра қарастырды. Ата Заң еңбек қатынастарын құқықтық шеңберде ғана емес, адамгершілік және өркениеттік кеністікте пайымдайды.

АДАМИ КАПИТАЛ – СТРАТЕГИЯЛЫҚ БАҒДАР

Үкіметте еңбек саласына вице-премьер – Мәдениет және ақпарат министрі Аида Балаева жетекшілік етеді. «Мемлекеттік

сараланған тәсілдер қолданылады. Сондай-ақ мемлекеттік бизнес-гранттарды беруді мониторингтеудің 2 деңгейлі цифрлық жүйесі енгізілуі үстінде: I деңгейде қаражаттың нысаналы пайдаланылуы қадағаланса, II деңгейде жобалардың ұзақмерзімді тұрақтылығы мен жұмыспен қамту деңгейі бағаланады. Бұдан бөлек, биыл мүгедектігі бар адамдарды жұмысқа орналастыру квоталарын белгілеу үдерісі толық автоматтандырылмақ.

ЖИ: ЖАҢА ДӘУІРДІҢ ЕҢБЕК МОДЕЛІ

Ендігі мақсат – болары болған жұмыссыздықты тіркеуден оны ерте анықтауға және алдын алуға көшу. «Азаматтың цифрлық профилі» қалыптастырылып, ЖИ-профильдеу моделі енгізіледі. Бұл – еңбек нарығын реактивті басқарудан проактивті басқаруға көшіру. Демек, цифрландыру есеп емес, болжау мен алдын алу үшін қажет.

Қадрларды даярлауға ерекше назар аударылады: 2026 жылы слесарь, электр мамандары, газбен кесушілер және басқа сұранысқа ие жұмысшы мамандықтары бойынша 10 мыңнан астам кәсіп несібін даярлау жоспарланған. Skills.enbek платформасы арқылы 100 мыңға жуық адам оқытумен қамтылады. 500 мың шәкірт Enbek.kz сайтында жұмыс іздеу дағдыларына үйретіледі. 100 мың оқушы Mansar.enbek платформасында кәсіптік бағдарлау бойынша диагностикаланады.

– Осы жылы технологиялық трансформацияның маңызды қадамы – ізденушілерге дербес бағдар-маршруттарды проактивті түрде таңдауға мүмкіндік беретін «ЖИ негізіндегі Цифрлық жұмыспен қамту қызметі» толық ауқымды іске қосу болмақ. Enbek.kz Электрондық еңбек биржасы бірінші цифрлық алан: онда қазірдің өзінде 900 мыңнан астам жұмыс беруші және 3,3 миллионнан аса жұмыс іздеуші тіркелген, – деді «Еңбек ресурстарын дамыту орталығы» АҚ президенті Ерасыл Жұманбаев.

2025 жылғы статистика көрсеткендей, азаматтар онлайн режимге белсенді түрде ауыспып жатыр: проактивті және электрондық форматтарда 1 млн 37 мың жұмыс іздеуші (жалпы санының 91%), 891 мың жұмыссыз (97%) тіркелді. Жұмысынан айырылу жағдайына байланысты әлеуметтік төлем 158 мың адамға тағайындалды.

– Министрлік 2026 жылы жұмыссыздықты тіркеуден оны ерте анықтауға және алдын алуға көшеді. Басты назар тұлкелерді, босатылатын жұмыскерлерді және зейнетке жарналары тоқтатылған адамдарды мониторингтеу аударылады. Деректер базасын біріктіру негізінде «Азаматтың цифрлық профилі» қалыптасады. Оның базасында ЖИ-профильдеу моделі енгізіледі: әр адамға дербес бағдарлар, бос жұмыс орындарын, қайта оқыту, субсидияланатын орындарды жасанды интеллект жеке таңдайтын болады, – деді ведомство мамандары.

Азаматтармен өзара іс-қимыл еGov Mobile қосымшасындағы атаулы push-бағдарламалар арқылы проактивті форматқа ауыстырылды. Ашықтыққа кепілдік беретін жұмысқа орналасуды ұдайы цифрлық верификациялау жүйесінің қорытынды элементі болмақ.

КАУІПСІЗ ЕҢБЕК – ҚҰРЫШТАЙ ТӘРТІП

Мәселенің бір тармағы еңбек қатынастарын реттеу және өндірістік қауіпсіздікке қатысты. Бұған жаңа Конституция жобасында мән берілгені айтылды. 2025 жылы 505 мың ұйымды қамтыған мониторинг тексерісінің жүйелі цифрлық моделі құрылды. Тәуекелге бағдарланған тәсілді қолдану әлеуметтік шиеленіс қаупі жоғары кәсіпорының санын 11,8%-ға, 1 715-тен 1 513-ке дейін төмендетуге мүмкіндік беріпті.

Еңбекті қорғау саласында жүйелі профилактикалық шаралар өндірістік жаракаттану деңгейін 4,5%-ға (1 406-дан 1 345 адамға дейін) және өлім-жітімді 6,9%-ға (202-ден 188 адамға дейін) төмендетуге мүмкіндік берді. Бұл сандар – құрғақ статистика емес, мыңдаған адамның тағдыры. Әр пайыз – сақталған өмір, қорғалған құқық. Занды тұлғалардың жұмыскерлерін жазатайым оқиғалардан сақтандырумен қамтуы 67%-ға жетті. 2026 жылы өндірістік нысандарды аттестаттаудан кәсіптік тәуекелді бағалау жүйесіне көшуді аяқтау жоспарланған: 660 кәсіпорын қамтылмақ. Жұмысшының қауіпсіздігі – өндірістің басты өлшемі. Адам өмірі қорғайтын жөңі жоғары тұруға тиіс.

Қорыта айтқанда, қолға алынған проактивті жұмыспен қамтуға жәрдемдесу жүйесі адами капиталды дамыту және еңбек қатынастары саласындағы бақылаумен ұштасып, азаматтардың өмір сүру сапасын одан әрі арттыруға, экономиканы нығайтуға және елдегі әлеуметтік тұрақтылықты қамтамасыз етуге берік негіз болуға тиіс. Еңбек – қазақ дүниетанымында ежелден қасиетті ұғым. Енді сол құндылық конституциялық мәртебеге ие болуы мүмкін. Бұл – тарихи сабақтастықтың құқықтық жалғасы. Еңбек шын мәнінде ұлттық стратегияның темірқазығына айналса, онда экономикалық қуат та, әлеуметтік тұрақтылық та, қоғамдық келісім де берік болмақ.

АГРОСЕКТОРДЫ АЛҒА СҮЙРЕЙТІН ҚҰРЫЛЫМ

Қазақстанда кейінгі жылдары ауыл шаруашылығы кооперациясына бірігетін шаруашылықтар саны айтарлықтай өсіп келеді. Ресми мәліметтерге сүйенсек, 2019 жылы ел бойынша 2 840 кооператив тіркелсе, 2024 жылға қарай олардың саны 4 465-ке жеткен. Яғни, небәрі бес жылдың ішінде кооперацияға бірігіп жұмыс істейтін шаруашылықтар саны шамамен 1,5 есеге көбейген. Бұл ауылдағы шағын шаруалардың күш біріктіріп, өндірісті дамытуға деген қызығушылығы артып келе жатқанын көрсетеді.



А Кәмила ДҮЙСЕН

Ауыл жұрты кәсіпке қызығып, мемлекет тарапынан көрсетілген қолдаудың арқасында сала осынау көрсеткіштерге қол жеткізді. Атап айтсақ, 2023 жылдан бері ауыл тұрғындарының табысын арттыруға бағытталған «Ауыл аманаты» бағдарламасы іске асып келеді. Бағдарлама арқылы ауыл мен шағын қала тұрғындары өз кәсібін бастау немесе кеңейту үшін жылдық 2,5 пайызбен 5 жылға дейін жеңілдетілген несиелені ала алады. Ал мал шаруашылығымен айналысатын жобаларға қаржы 7 жылға дейінгі мерзімге беріледі. Бұдан бөлек, кооперативтерге бөлінетін қаржы көлемі де артқан.

Дегенмен Мәжіліс депутаты, «AMANAT» партиясы фракциясының мүшесі Нұржан Әшімбетовтің айтуынша, бүгінде 4,5 мыңға жуық ауыл шаруашылығы кооперативі тіркелгенімен, өнім көлемі көңіл көншілік емес. Мәселен, олардың ауыл шаруашылығы өнімін өңдеу мен өткізудегі үлесі небәрі шамамен 10 пайыздың төңірегінде ғана. Ал дамыған елдерде агро өнімдерінің жартысынан астамы кооперация арқылы нарыққа шығады.

Депутат мысал ретінде Павлодар облысына жасаған жұмыс сапарын келтірді. Айтуынша, бір ауданда қағаз жүзінде 13 кооператив тіркелгенімен, қантар айында соның тек біреуі ғана – сүт жинаумен айналысатын кооператив жұмыс істеген. Бұған негізгі себеп – техника мен қаржының жетіспеуі.

«Бізге қағаз жүзіндегі 13-15 кооперативтің керекі жоқ. Бізге ауданның қажеттілігін өтейтін, мысалы сүт өндірісін жолға қоятын бір тұрақты кооператив керек. Оны техникамен де, субсидиямен де, қаржымен де жан-жақты қолдау қажет. Сонда сүт мәселесін де, ет мәселесін де шешуге болады», – деді ол «AMANAT» партиясы өткізген аграрлық сектор мәселелері жөніндегі республикалық кеңестің отырысында.

Бүгінде елімізде кооперацияға бірігіп жұмыс істейтін шаруаларға түрлі жеңілдік қарастырылған. Мәселен, мемлекеттік қолдау бағдарламаларына қатысу мүмкіндігі кеңейтіліп, салықтық жеңілдіктер берілген. Жер бөлу де кооператив құрамындағы шаруаларға қосымша ұпай қарастырылады. Одан бөлек, фермерлерге арналған оқыту курстары мен тәжірибе алмасу бағдарламалары да ұйымдастырылып келеді.

Асылтұқымды мал шаруашылығын қолдау ережелері де жеңілдетілген. Кейбір бағыттар бойынша кооператив құрамындағы шағын шаруашылықтарға тіркеу нөмірі немесе ауыл шаруашылығы жерінің болуы міндетті талап емес. Министрлік мәліметінше, бұл шағын шаруаларға кооперацияға қосылып, мемлекеттік қолдауға қол жеткізуге мүмкіндік береді.

Кооперациядан одан әрі дамыту үшін 2029 жылға дейінгі арнайы іс-шаралар жоспары бекітілген. Құжатта кооперативтерді оқыту, агроқосыны беру жүйесін дамыту және фермерлерге арналған түсіндіру жұмыстары қарастырылған.

Сонымен қатар мал шаруашылығын дамыту жоспары аясында жана қаржыландыру құралдары енгізілуде. Мәселен, 2025 жылдың қыркүйегінен бастап «Аграрлық несиелік корпорация» арқылы мал бордақылау алаңдарына айналым қаражатын толықтыру үшін жылдық 5 пайызбен 12 айға дейін жеңілдетілген несиелені беру бағдарламасы іске қосылды.

Алдағы уақытта несиелерді кепілдендіру тетігін енгізу және несиелені мерзімін 15 айға дейін ұзарту жоспарланып отыр. Бұл қаржыландыруға қолжетімділікті арттырып, кооперативтер санының одан әрі өсуіне мүмкіндік береді.

Ауыл шаруашылығы саласындағы кооперацияны дамыту бастамасы оң нәтиже беріп жатқанымен, сарапшылар бұл жүйенің толық тиімді жұмыс істеуі

үшін, ең алдымен, өнімді тұрақты сатып алатын нарық қалыптастыру қажет екенін айтады. Тәуелсіз сарапшы Ербол Есенеевтің пікірінше, шағын шаруаларға субсидиядан гөрі өнімін өткізетін нақты жүйе маңызды. «Кішігірім шаруаларға ең басты керекті – өсірген малы мен өнімін өткізетін нарық. Жеміс-жидек, дәнді дақыл, ет пен сүт өнімдерін тұрақты сатып алатын ұйымдар болса, кооперация өзілігінен дамиды. Біз Қазақстанға барған кезде бір ғана анар ағашымен үлкен кооперацияға мүше болған шаруаларды көрдік. Кооператив шаруаға талап қояды, өнімді алдын ала белгіленген бағамен қабылдайды. Мұндай жағдайда бағаны орыныссыз түсіру немесе біреудің несиелені қол сұғу болмайды», – дейді сарапшы.

Ербол Есенеевтің айтуынша, кооператив жүйесі өнім сапасын да реттеуге мүмкіндік береді. Өйткені өнімге қойылатын талаптар алдын ала белгіленеді, ал өнімнің қай шаруашылықтан шыққаны да анық көрсетіледі. Бұл тәсіл Түркияда жақсы жолға қойылған.

«Мысалы, қияр өсірудің шаруа өнімін кооперативтің арнайы қоршауына салады. Бірақ ол қоршап өнімнің қай шаруашылыққа тиесілі екені белгіленеді, ал өнімнің қай шаруашылықтан шыққаны да анық көрсетіледі. Бұл тәсіл Түркияда жақсы жолға қойылған».

«Мәселен, қияр өсірудің шаруа өнімін кооперативтің арнайы қоршауына салады. Бірақ ол қоршап өнімнің қай шаруашылыққа тиесілі екені белгіленеді, ал өнімнің қай шаруашылықтан шыққаны да анық көрсетіледі. Бұл тәсіл Түркияда жақсы жолға қойылған».

«Мәселен, қияр өсірудің шаруа өнімін кооперативтің арнайы қоршауына салады. Бірақ ол қоршап өнімнің қай шаруашылыққа тиесілі екені белгіленеді, ал өнімнің қай шаруашылықтан шыққаны да анық көрсетіледі. Бұл тәсіл Түркияда жақсы жолға қойылған».

«Мәселен, қияр өсірудің шаруа өнімін кооперативтің арнайы қоршауына салады. Бірақ ол қоршап өнімнің қай шаруашылыққа тиесілі екені белгіленеді, ал өнімнің қай шаруашылықтан шыққаны да анық көрсетіледі. Бұл тәсіл Түркияда жақсы жолға қойылған».

«Мәселен, қияр өсірудің шаруа өнімін кооперативтің арнайы қоршауына салады. Бірақ ол қоршап өнімнің қай шаруашылыққа тиесілі екені белгіленеді, ал өнімнің қай шаруашылықтан шыққаны да анық көрсетіледі. Бұл тәсіл Түркияда жақсы жолға қойылған».

«Мәселен, қияр өсірудің шаруа өнімін кооперативтің арнайы қоршауына салады. Бірақ ол қоршап өнімнің қай шаруашылыққа тиесілі екені белгіленеді, ал өнімнің қай шаруашылықтан шыққаны да анық көрсетіледі. Бұл тәсіл Түркияда жақсы жолға қойылған».

«Мәселен, қияр өсірудің шаруа өнімін кооперативтің арнайы қоршауына салады. Бірақ ол қоршап өнімнің қай шаруашылыққа тиесілі екені белгіленеді, ал өнімнің қай шаруашылықтан шыққаны да анық көрсетіледі. Бұл тәсіл Түркияда жақсы жолға қойылған».

«Мәселен, қияр өсірудің шаруа өнімін кооперативтің арнайы қоршауына салады. Бірақ ол қоршап өнімнің қай шаруашылыққа тиесілі екені белгіленеді, ал өнімнің қай шаруашылықтан шыққаны да анық көрсетіледі. Бұл тәсіл Түркияда жақсы жолға қойылған».

ӘЛИХАН БӨКЕЙХАН – 160

5 НАУРЫЗ 2026 | БЕЙСЕНБІ

■ ӘЛИХАН БӨКЕЙХАН – ҚАЗАҚ ДАЛАСЫН ЗАМАНАУИ ӨРКЕНИЕТ КӨШІНЕ ІЛЕСТІРУДІ, ҰЛТТЫҚ АВТОНОМИЯ ҚҰРУДЫ МҰРАТ ЕТКЕН ТҮЛҒА. ОНЫҢ «ХАН БАЛАСЫНДА ҚАЗАҚТЫҢ ХАҚЫСЫ БАР ЕДІ, ТІРІ БОЛСАМ, ҚАЗАҚҚА ҚЫЗМЕТ ҚЫЛМАЙ ҚОЙМАЙМЫН» ДЕГЕН СЕРТІ БҮТІНГІ КҮНІМІЗДІҢ ІРГЕТАСЫ ІСПЕТТЭС. БИЫЛ АЛАШ АРЫСЫНЫҢ ТУҒАНЫНА 160 ЖЫЛ ТОЛАДЫ. СОҒАН ОРАЙ ҰЛТ КӨСЕМІНІҢ ТУҒАН ЖЕРІ МЕН ЕСКЕРТКІШТЕРІНІҢ ЖАЙ-КҮЙІНЕ ТАҒЫ БІР ҮҢДІЛІП, ӘЛИХАНТАНУШЫ ҒАЛЫМДАРДЫҢ ТЫҢ ДЕРЕКТЕРІНЕ ҚҰЛАҚ ТҮРДІК.



Тұңғышбай МҰҚАН,
Талдыбейіт қорымының шырақшысы,
әлихантанушы, өлкетанушы:

БАСКИМІН АРУЛАП ЖЕРЛЕГЕН

— Осыдан бес жыл бұрын Алаш қайраткерінің 155 жылдығында Шабанбай би ауылында ескерткіш қойылып еді. Туыстары мен жақындары жерленген Талдыбейіт қорымына барып, Алаш зерттеушілері Құран бағыштап қайтқан еді. Бұл қорым тарихи-мәдени ескерткіш ретінде мемлекет қамқорлығына алынуы керек деп едіңіз. Сол қорымның жайы не болды?

— Бүгінде Талдыбейіт қорымы жергілікті маңызы бар тарихи ескерткіштер есебіне алынды. 2014 жылы мұнда кешенді қалпына келтіру жұмыстары жүргізіліп, қазір нысан талапқа сай жақсы жағдайда сақтаулы тұр. Сондай-ақ Әлекеннің кіндік қаны тамған Жекежал қыстағы да назардан тыс қалмады. 2013 жылы оның іргетасы реттеліп, 2015 жылы «Әлихан Бөкейханов күзеткері» деп аталатын кара граниттен жасалған зәулім ескерткіш тақта орнатылды. Қыстақтың маңы толық қоршалып, бұл орын да жергілікті деңгейдегі тарихи ескерткіштер тізіміне ресми түрде енгізілді.

— Әлихантанушы Сұлтан-Хан Аққұлұлы Әлиханнның інісі Смахан төренің қолжазбалары жариялағанын білеміз. 18 дәптерден тұратын қолжазбадан бөлек, ол кісінің жазған-сызғандарының бәрі табылды ма?

— Смахан төре Талдыбейітке Әлекеннің өзі киген баскимін арулап жерлеген. «Аруағын көмдім» деген үлкен ашушылықпен көмілген бұл жәдігер күні бүгінге дейін топырақ астында сақтаулы. 2015 жылы Әлихан Бөкейханнның 150 жылдығының қарсаңында алаштанушы ғалым Айгүл Исмакова бастаған 12 ғалымнан құралған халықаралық экспедиция ең алғашқы

ЗЕРДЕ

ҒЫЛЫМДЫ ҚАРЖЫЛАНДЫРУ: ӨСІМ БАР, НӘТИЖЕ ҚАЙ ДЕҢГЕЙДЕ?

Межелі 1 пайызға жетуге әлі ертелеу. Соңғы жылдары Қазақстанда ғылымды қаржыландыру көлемі айтарлықтай өсті. Егер 2015 жылы бұл мақсатқа 69,3 млрд теңге бөлінсе, 2024 жылы көрсеткіш 219,7 млрд теңгеге жетті. Ал 2025 жылы елімізде ғылымды дамытуға бюджеттен шамамен 240,2 млрд теңге бөлінді. Бұл қаржы негізіннен ғылыми зерттеулерді гранттық және бағдарламалық-нысаналы қаржыландыруға, ғалымдардың еңбекақысын көтеруге және қолданбалы ғылымды дамытуға бағытталады.

Айгүл СЕЙІЛ

Әйтсе де, бұл жерде бір түйткіл бар. Ол — ғылымға бөлінетін қаржының осы күнге дейін ЖІӨ-нің 1 пайызына да жетпеуі. Мысалы, елімізде ең соңғы рет ғылымға бөлінген қаржы 1990 жылы ең жоғары межеде болған. Яғни, ЖІӨ-нің 0,82 пайызына жеткен. Ал тәуелсіздік жылдары бұл көрсеткіш былтыр ғана ең жоғары деңгейге — 0,26 пайызға жетті. Жалпы, Ғылым және жоғары білімді дамыту тұжырымдамасына сәйкес, ғылымға бөлінетін қаражаттың үлесін ЖІӨ-нің 1 пайызына жеткізу 2029 жылға межеленгенін де айта кету абзал. Әрине, біз барлық сандарға, деректерге салыстырмалы түрде қарағанды тәуір көреміз. Шетелдермен салыстырып, пәлен елде ғылымға ЖІӨ-нің 4 пайызы, 5 пайызы не 6 пайызы бөлінеді деп дерек келтіреміз. Бірақ сол дамыған елдерде ғылымға қаражат бөлу біздегідей көбіне мемлекеттік бюджет есебінен (бізде ғылымды 76 пайыз бюджет қаржыландырады)

зерттеуін Талдыбейіттен бастаған. Осы жерден бір ұс топырақ алып, оны Қарағанды, Қарқаралы, Семей, одан ары Минскіге дейін барып, Ленинградтан өтіп Мәскеудегі Дон зиратына апарып, Алаш көсемі жатқан жерге қойды. Ал 2016 жылғы мерейтой үстінде Мәскеуден әкелінген бір ұс топырақ Ақтоғайдағы зиратқа салынды. Бұл тарихи сәттің барлығы «Әлихан — ұлт азаттық күрескері» атты танымдық деректі фильмде жан-жақты көрсетілген.

— Айтқандай, әлгі Талдыбейіттегі қорымдағы ескерткіштегі жазбалар өшірілгені туралы естіген едік. Сол жазу қайта қалпына келтірілді ме? Әлде қайта қалыпқа келтіру мүмкін емес пе?

— 1960- жылдары Әлиханнның бауыры Смахан төре Балқаш қаласында тұрып, 1967 жылы сол жерде дүниеден өтті. Сол кезеңде ол Қалдыбекке арнайы келіп, өз қолымен бетоннан ескерткіш құйып орнатқан. Алайда 1961 жылы аудандық партия комитетінің хатшылары мазар басындағы жазуды оқып, оны «буржуазиялық идеологияны насихаттайтын тас» деп бағалап, сол жазуды өшіруді талап етеді. Сол сәтте Әлиханнның атасы болып келетін Мырзатайдың бауыры Рүстем төренің ұрпақтары ескерткішті толықтай жойылып кетуден сақтап қалу үшін оның бетін цементпен сылап тастайды. Тіпті, бір жылдан соң Алматыдан келген арнайы фототілші беті

тегістелген тасты суретке түсіріп кеткен. Тек 1992 жылы, еліміз Тәуелсіздік алған соң Ақтоғайда «Ақтоғай — Алаш арыстарының атамекені» деген ауқымды республикалық іс-шара қарсаңында біз сол ескерткіштің бетіндегі қалың қатқан балшықты түсіріп, аршып алдық. Дегенмен тастың бастапқы калпын толық қалпына келтіру үшін әлі де арнайы аппараттармен жұмыс істейтін білікті мамандар қажет. Қазірше ол сол тарихи күйінде тұр.

Халық мені «Әлихан Нұрмұхамедұлының шырақшысы» деп атайды. Өзім Қарағанды қаласында тұрсам да, алыс-жақыннан, қала берді ресми сапармен келген меймандарды киелі орындарға бастап апарып, тарихпен таныстыруды парызым санаймын. Биылғы жыл ақтоғайлықтар үшін ғана емес, күллі Алаш жұрты үшін жағымды жанаулықтарға толы болмақ. Атап айтқанда, Әлихан Бөкейханнның кіндік қаны тамған Жекежал қыстауын қайта қалпына келтіру жұмыстары қолға алынды. Бұл нысан тиісті жоспарға еніп, қажетті қаражат та бөлініп қойды. Тағы бір жағымды жанаулық — Ақтоғай ауданының орталығынан аудандық археологиялық-этнографиялық музейінің базасында «Алаш залы» деп аталатын арнайы зал ашылғалы жатыр. Мұнда Алаш арыстары — Әлихан Бөкейханнның, Жақып Ақбаевтың және Әлімхан Ермековтің өмір жолынан сыр шертетін құнды құжаттар мен бірегей жәдігерлер қойылмақ. Бүгінде

мұндай ауқымды «Алаш залы» республика бойынша тұңғыш рет қайраткерлердің туған жері — Ақтоғайда ашылғалы отыр. Қазір ғимарат мәселесі толық шешіліп, қаржыландыру жұмыстары жүргізілуде. Биылғы атқарылатын негізгі жұмыстардың ауаны осындай.

Дінмұхамед БАЙЖҰМА,
гуманитарлық ғылымдар магистрі, зерттеуші:

ОМЫДАҒЫ РЕСМИ ЖҮЗДЕСУ

Тарих парактарында әлі де зерттеуді қажет ететін тың деректер жеткілікті. Соның бірі — 1921 жылы Прагада жарық көрген профессор Индржих Дворжактың «Қазақтар арасында» атты құнды еңбегі. Бұл еңбек — Алашорда қозғалысының еркіндікке ұмтылысы мен олардың чехословак корпусы легионерлерімен ортақ мүдде жолындағы одақтастығын айғақтайтын деректердің бірі.

Зерттеуші Дінмұхамед Байжұманың айтуынша, И. Дворжактың бұл кітабында бұған дейін ғылыми айналымға түспеген казак жерінің картасы мен казак тұрмысын бейнелейтін 19 бірегей сурет қамтылған. Бұл картографиялық мәліметтер сол дәуірдегі геосаяси ахуалды зерделеу үшін таптырмас құрал саналады. Алайда ең құнды дерек — автордың Алашорда үкіметінің басшыларымен тікелей кездесуін сипаттаған естеліктері.

Дінмұхамед Байжұма Алашордамен чехословак легионерлерінің ортақ мүддеге

негізделген байланысын И. Дворжактың мына бір естелігімен негіздейді. Ол кітапта 1918 жылы Омбыдағы ресми жүздесуі туралы да дәйек келтірілгенін айтты.

«Назар аударалық дерек, автордың 1918 жылы Омбы қаласында Алашорда үкіметінің басшысы Әлихан Бөкейханмен, сондай-ақ Алаш қозғалысының көрнекті қайраткерлері Айдархан Тұрлыбай мен Уәлихан Танапшев жүздескенін сипаттауы. Бұл кездесу — Алашордамен чехословак легионерлерінің ортақ мүддеге негізделген байланысының нақты дәлелі ретінде ерекше құнды. И. Дворжак бұл оқиғаны кітабында: «Қазақтармен «ресми деңгейдегі» алғашқы байланысым Омбы қаласында орнады (1918 жыл). Ол кезде әңгіме Чех армиясы үшін Ресейден жылқы жеткізу туралы болатын және сол себепті маған казак халқының өкілдерімен қарым-қатынас құруға тура келді. Алғашында біз қазақтармен келіссөз жүргізу ісі олардың дәстүрлі ру басшыларымен өтеді деп топшыладық, өйткені ондай тұлғалармен күнделікті жүздесіп жүрген едік. Сол себепті де алғашқы ресми кездесуде болған жайт мені айтарлықтай таңғалдырды», — дейді Д. Байжұма.

Зерттеушінің айтуынша, И. Дворжактың естелігінде Әлихан Бөкейханмен болған әңгімеден бір ерекше оқиға айрықша аталады. Соның бірі: «Мені тебірткен бір ерекше сәт сол кезде орын алды: Әлихан Бөкейхан өз халқының ғасырлар бойы

тартқан қайғы-қасіретін чехословак ұлтының азабымен салыстырды. Ол казак даласының тәуелсіздігін аңсайтынын айтып, алыстағы чех халқымен арада сан мыңдаған шақырым жатқан алпақштықтың жүрегін мұңға бөлейтінін бүкілсіз жеткізді». Бұл айтылғандар ұлт көсемінің өр мінезін ғана емес, сонымен қатар қазақтың тәуелсіздік аңсарын өзге халықтардың бостандық жолындағы күресімен үндестіре бағалай білген саяси даналығын да айқындайды.

Дінмұхамед Байжұма И. Дворжактың «Қазақтар арасында» еңбегін автордың казак даласында болған саяхатшы өрі чехословак легионері ретіндегі тәжірибесіне негізделген және бүгінгі күнге дейін ғылыми айналымға енген беймәлім туынды деп бағалайды. Өйткені кітап — Қазақстанның жана тарихына қатысты құнды деректерді қамтыған, аса сирек кездесетін мәдени-тарихи куәлік. Кітаптың ең басты ерекшелігі — онда Кеңес үкіметі орнамай тұрған кезеңдегі Қазақстанның жалпы саяси-әлеуметтік ахуалының айқын суреттелуімен қатар, сол дәуірдегі мәдени-этнографиялық болмысының шынайы бейнеленуінде.

Алаш қозғалысының түпкі мұраты — ұлттық мүдде десек, сол мүдденің алтын қазығы халқымыздың ғасырлар бойы қалыптасқан асыл мәдениетінде жатыр. Алайда Кеңес үкіметі орнағаннан кейін казактың дініне, діліне және дәстүрлі болмысына жат саяси үрдістер күш алды. Осы сын сағатта Алаш қайраткерлері күрес тәсілін өзгертті. Олар ұлттық бірегейлікті сақтап қалу үшін басты майдан даласы ретінде мәдени-рухани алаңды таңдады. Оның дәлелі ретінде Д. Байжұма ұлт көсемі Әлихан Бөкейханнның Дінше Әділовке 1923 жылы жазған хатын мысалға келтірді.

«Күрес жолында Алаш зиялылары бұрыннан қалыптасқан халықтың төл эстетикалық көзқарасынан туған ауыз әдебиетінің жауһарларын, казак тарихындағы сан алуан ақын-жыраулардың ұлы ойларын, ағартушы-демократтардың еңбектерін қайта басып, батыс ғылым-өнерін казак арасына тарата бастады. Мысалы, Әлихан Бөкейханнның Дінше Әділовке жазған хатында: «Бауырым Дінше! Хатыңды алдым. Қуанып қалдым. «Шолпана», «Темірқазыққа» неге мақала жазбайсың? Сендей білімі бар жазбаса, кім жазды? Не балаларға сабақ беріп, не журнал-газетке мақала жазып, Алашқа қызмет қыласаң, не казак тілінде кітап жазбасаң, өзге жол бізге бөгелді ғой», — деп ел үшін күрестің өзге жолын ұсықайды. Сонымен қатар Алаш қозғалыс мүшелерінің 1928 жылғы бірінші құдалау легінің айыптау қорытындысының «Алашорда әдебиетшілерінің идеологиялық ықпалы» атты қылымыстық айғағында: «1922 жылдан бастап «Алашордашылар» көркем әдебиетке ерекше көңіл бөлді, ескі әдебиеттің үлгілері, пьесалар, өлеңдер, әңгімелер, фельетондар т.т. олардың көзқарасын көпшілікке таратудың таптырмайтын тәсілі болды. Ахмет Байтұрсынұлы жазушыларды бұл майданға белсене қатысуға шақырып: «Қазақ жазушылары өзінің шығармаларында казак ұлтының мүддесін қорғау керек», — деп үндеу тастады», — делінген», — деп сөзін түйді зерттеуші.

Дайындаған
Гүлзина БЕКТАС,
Сымбат БАУЫРЖАНҚЫЗЫ



ведомствонның емес, тұтас экономикалық және бюджет саясатының үйлесімділігін талап ететін кешенді міндет.

Алдағы кезеңдегі басты мақсат — ғылыми зерттеулерді экономиканың нақты сұраныстарымен тығыз байланыстыру, енгізу, ауқымын кеңейту және өнімдерде практикалық тиімділігі жоғары технологиялық шешімдерді кенінен тарату. Сонда ғана ғылым елдің тұрақты дамуының нақты драйверіне айнала алады.

Сымбат САРСЕМБАЕВА,

PhD, постдокторант:

— Гранттық қаржыландыру бойынша айтар болсақ, постдокторантурада «Жас ғалым» бағдарламасы аясында үш жылға 10 миллион теңге қаражат бөлінеді. Бұл қаражат кезең-кезеңге бөлініп береді. Ал кейде жалақы есебінде ай сайын алып отыруға да мүмкіндік бар. Оны оқу орны шешеді. Соған сәйкес, ғылыми жобаны орындау барысында да қатан талаптар қойылады. Әрбір іс-әрекетті күнтізбелік жоспарға сәйкес орындауың қажет. Мысалы, ғылыми мақала шығарту қажет болса, ол дәл сол белгіленген мерзімде шығу керек. Ал уақыты шықпай жатса, айыппұл төлейсің. Меніңше, постдокторантураның жас ғалымдарға берер көмегі көп. Ғылыми

дәрежесін қорғай алмай жүрген жас ғалымдар ғылыми ортадан алыстамайды. Сондай-ақ ғылыми жоба орындаушылар жоғары оқу орнында 0,5 кредитпен сабақ бере алады. Мұның бәрі «Жас ғалым» бағдарламасы аясында жүзеге асады.

Ардаби МӘУЛЕТ,
Өнертану PhD докторы:

— Қазіргі кезде ғылымды қаржыландыру біршама өсіп келеді. Соған сәйкес ғылыми-зерттеу жобаларына да қаржы көбірек бөлінеді. Бірақ ғылыми жобаларға қаржы қазіргіден де көбірек бөлінуі керек деп ойлаймын. Одан кейінгі бір мәселе — уақыт. Меніңше, 3 жыл аздақ етеді. Өйткені жобаны ұсынасың, оны қарауға жарты жылдай уақыт кетеді. Мысалы, тендер алу бойынша уақыт мәселесін Үкімет араласып жүріп шешті. Әйтпесе, бұрын 3-4 ай қаралатын. Сол сияқты ғылымда да жобаның қаралу уақытын тездету керек деп ойлаймын. Президент ғылымға ерекше көңіл бөледі, әрбір ірі жында ғылым мәселесін тілге тиек етеді. Сондай жиындардың бірінде ғылыми жобаны 5 жылға ұзарту туралы ойын да айтқан болатын. Бірақ ол ұзарған жоқ. Сол үшін құрығанда жобаны қарау мерзімін қыскартса, бұның өзі жетістік болар еді.

РУХАНИЯТ

5 НАУРЫЗ 2026 | БЕЙСЕНБІ

Биыл түркі әлемі үшін тарихи маңызы зор оқиға – Бірінші Түркология құрылтайының жоғары деңгейде өткеніне 100 жыл толып отыр. Бір ғасыр бұрын дәл осы уақытта Баку қаласында тұңғыш рет бауырлас елдердің түрколог ғалымдары бас қосып, ортақ әліпби, терминдерді біріздендіру, оқу-әдістемелік мәселелері, түбі бір туыс халықтар арасындағы әдеби-тілдік байланыстарды нығайту, түркі тілдерінің теориялық зерделенуі қатарлы қазірге дейін өзекті тақырыптарды талқылады. 1926 жылғы 26 ақпанда басталған 17 секциядан тұратын, 131 делегат қатысқан аса ауқымды жиын 5 наурызда мәресіне жеткен еді.



Тыныстанов оның тиімді жақтарын зерделеп берді. Осындай шынайы пікірталас нәтижесінде туындаған ортақ әліпби туралы аса құнды ойлар басқосу стенограммасына қатталып, біздің қолымызға жазалауға саясатынан аман жетті.

Арада ғасырға жуық уақыт өткен соң Түркі академиясының бастамасымен құрылған Ортақ әліпби жөніндегі мемлекетаралық комиссия өз жұмысы барысында сол пікірлерді де ескеруіне қалдырған жоқ.

АҚИҚАТ АШЫҚ АЙТЫЛДЫ

Құрылтайдың тағы бір маңызды қыры – түркі халықтарының мәдени және экономикалық тұрғыдан түбегейлі ілгерілеуіне қажеттігін түсіну болды. Күн тәртібіне сауаттылық пен мәдени даму

таңғалдырмайды. Солармен қатар осындай көзқарастарды ашық білдіргендер де, жай ғана тыңдағандар да, 1930-жылдары жана саясаттың жауы деп жарияланып, жазалауға ұшырады.

БІЛІМ МЕН ҒЫЛЫМҒА ҮНДЕГЕН

Түркология құрылтайының тарихи мәнінің тағы бір қыры – түркі тілдеріндегі әліпби, емле және терминология мәселелерінің қаралуы. Сонымен қатар халықтың сауатын ашу, білім деңгейін көтеру және әсіресе ана тілінде білім беруді дамытуға бағытталған нақты шараларды қабылдау қажеттігі айтылды.

Сол Құрылтайдағы сөзінде Мирза Давуд Гусейнов тағы бір айтқаны ойға оралады: «Біздің халықтар, әсіресе, түр-

Атап айтқанда, жана түркі (латын) әліпбиінің араб және реформаланған араб әліпбиіне қарағанда артықшылықтары мен техникалық тұрғыдан басымдығы, сондай-ақ араб жазуымен салыстырғандағы оның мәдени-тарихи әрі прогрессивтік маңызы көрсетіліп, жана әліпбиді енгізу ұсынылды.

Түркі тілдерінің жан-жақты зерттелуі, салыстырмалы-тарихи грамматикалары, салыстырмалы этимологиялық сөздіктерін әзірлеу жұмыстарын қолға алу қажеттігі пайымдалды.

Түркі халықтарының ана тілін тиімді оқыту үшін мұғалімдерді сапалы даярлаудың маңызы, сауат ашуда, түркі тілдерін оқытуда негізгі материал ретінде халық ауыз әдебиеті үлгілері алынғандықтан екендігі, ал әдебиетті оқытуда басқа түркі халықтарының әдебиеттерімен де қысқаша таныстыру керек екендігі келісілді.

Түркі халықтарының тарихын зерттеуде археологиялық қазба жұмыстарының, әсіресе, керуен жолдарына археологиялық зерттеу жүргізудің маңыздылығына тоқталып, маңызды тарихи дереккөздерді түркі тілдеріне аудару мәселесі мен соңғы жылдардағы экономикалық әрі әлеуметтік тарихи зерттеулердің қажеттілігі атап өтілді.

Түркі тілдерінің емлесінде фонетикалық қағидасты ұстанудың қажеттілігі мен араб әліпбиінің жана емлеге негіз бола алмайтындығы баса айтылды.

Сонымен қатар термин сөздерді түркі тілдерінің сөздік қорынан алудың тиімділігіне баса назар аударылды.

ОРТАҚ ӘЛІПБИ – ОРЫНДАЛҒАН АМАНАТ

1937-1939 жылдардағы саяси қуғын-сүргін бұл жетістіктерге тоқтау салғанымен, Құрылтайдың тарихи маңызы ұмытылған жоқ. Сол себепті де 1991 жылы көптеген түркі халықтары мемлекеттілігін қалпына келтіріп, тәуелсіздігін жариялағаннан кейін латын әліпбиіне көшу мәселесі қайтадан күн тәртібіне енді.

2023 жылы Халықаралық Түркі академиясының үйлестіруімен және Түркі мемлекеттері ұйымы Хатшылығының қолдауымен мемлекетаралық Ортақ түркі әліпби комиссиясы құрылғаны мақтан-ышпен атап өте аламыз. Академия бұл үлгідегі Түркі мемлекеттері ұйымына мүше елдердің тіл білімі институттарымен, Түркі тілі құрымымен және жетекші тіл мамандарымен тығыз ынтымақтастықта жұмыс жүргізді. Нәтижесінде, 2024 жылғы 11 қыркүйекте Бакуде өткен комиссияның үшінші отырысында латын графикасына негізделген 34 әріптен тұратын Ортақ түркі әліпбиі қабылданды.

Осылайша, Түркі академиясы мен серіктес ұйымдар халық ағарту ісі мен ұлттық мәдениеттің дамуына өмірін арнаған 1926 жылғы құрылтай қатысушылары мен ұлы тұлғалардың алдындағы парызының бір бөлігін орындады.

Академия ортақ әліпби үлгісін қабылдаумен тоқтап қалмай, Абайдың «Қара сөздері» мен Шыңғыс Айтматовтың «Ақ кеме» повесін алғаш рет тәжірибе жүзінде аталған қаріптермен басып шығарды. Оқырман қауым жылы қабылдап, аз ғана уақытта түгелдей таратылып кетті. Оларды бүгінде екінші басылымға әзірлеудеміз. Сондай-ақ, бұдан бөлек бірнеше танымал туындыны осы дәстүрмен оқырман назарына ұсыну биылғы жоспарымызға енгізілген. Осылайша, бір ғасыр бұрын, Бакудегі Бірінші түркология құрылтайында көтерілген бастама жүзеге асып, қолданысқа енгізіле бастады дегуге негіз бар.

Шахин МҰСТАФАЕВ,

Халықаралық Түркі академиясының президенті, академик

БІРІНШІ ТҮРКОЛОГИЯ ҚҰРЫЛТАЙЫ: 100 ЖЫЛДАН СОҢ...



Бірінші түркология құрылтайына қатысушылардың бір тобы. Ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлы (алдыңғы қатарда солдан оңға қарай үшінші) бастаған қазақ делегаттары да қатысқан болатын. Баку, 1926 ж.

ТУБІ БІР ТҮРКІ ЖҰРТЫ ӨКІЛДЕРІН ТҮГЕЛ ЖИНАҒАН

Осыдан тура жүз жыл бұрын Бакудегі әйгілі Исмаил сарайында (1945 жылдан бері Әзербайжан Ұлттық Ғылым академиясының ғимараты) өз жұмысын бастаған Бірінші Түркология құрылтайы күллі түркі дүниесінің тарихында айрықша орын алатын айтулы оқиға болды.

Әрине, сол кезеңнің тарихи жағдайы, құрылтайды өткізудің себептері мен саяси астары, оның ішінде кеңестік билік пен большевиктік партияның белгілі бір мақсаттары бұл оқиғаны түрлі қырынан бағалауға мүмкіндік береді.

Алайда бір ақиқат даусыз: Құрылтай қорытындылары түркі халықтарының ғылыми және мәдени дамуына серпін беріп, білім мен сауаттылықтың кеңінен таралуына жол ашқан бетбұрыс кезеңге айналды. Осы тұрғыдан алғанда, Бірінші Түркология құрылтайы XX ғасырдағы мәдени тарихымызда ерекше рөл атқарды.

Құрылтай түркі халықтарының тарихында бірнеше себепке байланысты айрықша маңызға ие. Оның құжаттарын мұқият зерделесек, ұйымдастырушылары большевиктік идеология аясында әрекет еткеніне қарамастан, құрылтайдың тарихи миссиясын ғылыми әрі саяси тұрғыдан дәл бағамдай білгенін көреміз. Бұл 1920-жылдардың ортасында Кеңес Одағында салыстырмалы түрде ой және сөз еркіндігі сақталған кезеңде мүмкін болды.

Құрылтайдың тарихи маңызын Ұйымдастыру комитетінің төрағасы, Әзербайжан Орталық Атқару Комитетінің төрағасы Самед аға Ағамалыоглы ашылу сөзінде былай деп атап өтті: «Тарихта тұңғыш рет барлық түркі-татар халықтарының өкілдері бауырластық құрылтайда бас қосып, өз мәдениетіне қатысты ең маңызды әрі өзекті мәселелерді талқылап, шешу мүмкіндігіне ие болды. Бұған дейін түркі-татар халықтарының бүкіл тарихында мұндай ауқымды оқиға болмаған».

Расында да, 1926 жылы алғаш рет барлық түркі халықтарының өкілдері – зиялы қауым, ғалымдар, мемлекет және қоғам қайраткерлері – Бакуде жиналып, ортақ тарих, мәдениет, этнография, түркі тілдері мен әліпби мәселелерін бірлесіп талқылап, маңызды шешімдер қабылдады.

Тарихи басқосуға Қазақстан тарапынан ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлы мен мемлекет және қоғам қайраткері Нәзір Төреқұлов бастап, Елдес Омарұлы, Біләл Сүлеев және Әзиз Бай-Сейдули қатысты.

Айта кету керек, жиын барысында А.Байтұрсынұлының емле туралы айтқандары кең талқыланып, көптең назарын аударғаны белгілі. Бұл қазіргі күні де өзектілігін жоймаған маңызды ұсыныстар әрі толық ғылыми дәйектелген тұжырымдар еді. Құрылтайдағы қорытынды сөзінде ол: «Жолдастар, осы Құрылтайда біз түркі халықтарының шынайы оянуын көрдік. Мұнда түркі халықтарының өкілдерінің қатысуымен ғылыми және тұрмыстық мәселелер кенінен талқыланды» деген еді. Бұдан әрі Ахан барша мәдени жетістіктерді аз ғана топтың емес, барша адамзаттың игілігіне айналдыруға үндеді: «Ғылым мен білімнің мақсаты – адамзаттың азабын жеңілдету, өмір игіліктері мен тұрмыс жағдайын арттыру... Алайда бұл жетістіктер бүкіл адамзаттың күш-жігерінің жемісі болғанымен, олар бүкіл адамзатқа бірдей қызмет ете қойған жоқ. Себебі бұл мәдени жетістіктерді империалистер, капиталистер және отарлаушылар иеленіп алды», деп атап өтті.

Құрылтайда түркі тілдеріндегі диалект туралы баяндама жасаған көрнекті ғалым Бекир Чобанзаденин, әйгілі түркологтар В.Бартольд, А.Миллер, А.Самойлович, Н.Поппе секілді ғалымдардың ұсыныстары басқосудың қабылданған құжаттарында көрініс тауып, алғашқыда үлкен ынтымақ қолға алына бастады. Алайда артынан кеңестік саясат тоқтау салып, қатысушыларды әртүрлі айыптармен қырына алғаны белгілі...

Татар делегациясын басқарып келген жазушы, білікті тілші-ғалым Галимжан Ибрагимов латын әліпбиіне көшудің кері ықпалдары туралы айтса, қырғыз халқының жас та болса басы саналатын өкілі Қасым

денгейіндегі артта қалушылықты жою міндеті шықты. Бұл мәселеге қатысты Әзербайжан Революциялық комитеті төрағасының орынбасары Мирза Давуд Гусейнов өз сөзінде тарихи себептерге тоқталды:

«Түркі халықтары сан жағынан КСРО халықтарының қатарында алдыңғы орындардың бірін алады. Олар Алтай тауларынан бастап ұлы Еділ аңғарларына дейін, биік Кавказ тауларынан өсем Қырымға дейін кең аумақтарды мекендейді. Сәл бұрын ғана, шамамен он жыл ертерек, бұл халықтар патша билігінің ауыр езгісінде болды. Патшалық билік тек орыс жұмысшылары мен шаруаларын ғана емес, барлық басқа халықтарды да басып жанышты. Әсіресе, бұл езгі ұлттық азшылықтар үшін, яғни көпшілік емес халықтар үшін өте ауыр әрі қатаң болды.

Сонымен қатар патша үкіметі орыс емес халықтарға орыстандыру саясатын жүргізді. Оның мақсаты – орыс емес халықтарды жою және орыстандыру болды. Әйтпесе, патша үкіметінің Өзбекстан, Түрікменстан, Әзербайжан және Қазақстан аумақтарын басып алуын және оларға қосуды, сондай-ақ «түрік» деген сөзді заңсыз деп жариялап тыйым салуын түсіндіру мүмкін болмас еді», – деді ол сөзінде.

Мұндай тарихи шындықты Ресейдің мемлекеттік және ғылыми қайраткерлері қатысқан халықаралық маңызды кездесуде ашық айту сөзсіз батылдықты қажет етті. Осыны ескерсек, 1930-жылдардың соңында тек Құрылтайға қатысқан ғалымдар ғана емес, оны ұйымдастырған Кеңес мемлекеті мен большевиктік партия өкілдері де қатаң репрессияға ұшырағаны

кілер, мәдениет пен сауаттылық саласында ауыр қиындықтарды бастан кешіріп отыр. Алдыңғы қатардағы Әзербайжан мен Түрікменстан сияқты республикаларды алғанның өзінде, олардың сауаттылық деңгейі тек 10-15 пайызды ғана құрайды. Біз әлдеқайда алға жылжи алар едік, тәжірибеміз көрсеткендей, ең бастысы – сауаттылық. Бұл жолдағы басты кедергі – біздің әліпбиіміз, яғни араб жазуы. Барлығы мойындайды, қазіргі күйінде бұл әліпби біз үшін елеулі тосқауыл болып отыр».

Осы мәселеге қатысты өзінің кіріспе сөзінде Күнгей Кавказ Социалистік Федерациялық Кеңестік Республикасы үкіметінің төрағасы Газанфер Мусабеков: «Түркология құрылтайының алдында практикалық маңызы бар бірқатар міндет тұр. Бұл тек тіл мен терминологияны дамыту, сауатсыздықты жою сияқты ірі мәселе ғана емес, сонымен қатар орта және жоғары оқу орындарында ана тілінде білім беру, оқулықтарды ұлттық тілдерге аудару сияқты жұмыстарды да қамтиды. Алайда бұл маңызды іс-шаралар көбіне тіл мен терминологияның толық дамымағанынан келерлікке ұшырайды. Осы күрделі мәселелерді шешуде біз Түркология құрылтайынан үлкен үміт күтеміз», – деді.

Осылайша, Бірінші Түркология құрылтайы түркі халықтарының ғылыми және мәдени өміріндегі өзекті мәселелерді шешуге бағытталып, әсіресе түркі халықтарының латын әліпбиіне көшуі сияқты тарихи маңызы зор міндетті табысты жүзеге асырды.

Тұңғыш рет ұйымдастырылған Құрылтай табысты болды. Көптеген маңызды шешімдер қабылданды.

«ЖАРҚЫН БОЛАШАҚ» ЖАСТАРДЫ ҚОЛДАЙДЫ

Кез келген жас бәсекеге қабілетті, сұранысқа ие мамандықты игеріп, жарқын болашаққа қадам жасағысы келеді. Ал елімізде «Жарқын Болашақ» бағдарламасы 2022 жылдан бастап жастардың дамуына жол ашты.

Айсұлу СЪЕЗХАН

Жақында «Жарқын Болашақ» бағдарламасының елордада білім алып жатқан студенттерімен мотивациялық кездесулер өтті. «ҚазМұнайГаз» компаниясының адами ресурстар жөніндегі бизнес серіктесі Гүлшара Наушақызы мен Bilim Foundation қорының президенті Ерлан Аманжолұлы жиынға арнайы қатысып, бағдарлама студенттерімен пікір алмасып, оқу орындарының тыныс-тіршілігімен танысты.

«Жарқын Болашақ» – Маңғыстау облысының жастарын қолдауға арналған білім беру бағдарламасы. Бағдарлама мамандандырылған мектептерде және үздік колледждерде оқуға мүмкіндік береді. Студенттерге тегін оқу, жатақханаға орналасу, жоғарылатылған шәкірталық, тамақтану және жол

шығындары, кәсіби және жеке даму мүмкіндіктеріне орай бар қолдау жасалған әрі білім алушылар жеке ментор мен психологтардың көмегіне ие болады. Біз, алдымен, Астанадағы Техникалық колледжде білім алып жатқан студенттермен кездесуге бардық. Мұнда өндірістік-практикалық оқу кабинеттерін аралап, техникалық мамандықтар жайында ақпарат алдық.

– Қазір екінші курста оқимын. Машина жасау технологиясы мамандығы бойынша білім алып жатырмыз, оның ішінде кеңбейінді станокшы біліктігін алып шығамын. Бірінші семестрде теориялық білім алдық, екінші семестрден бастап практикалық сабақтарға көшіп жатырмыз. Практикаға колледж базасында мүмкіндіктің бәрі бар, өндіріс орындарына да барамыз. Алда білімімді жетілдіріп, осы салада



қызмет еткім келеді, – дейді бағдарлама студенті Аманбай Қазыбек.

Айта кетерлігі, бағдарлама аясында студенттер сұранысқа сай 100-ге жуық мамандықтың бірін таңдап, білім ала

алады. Қазір 100 маңғыстаулық жас елдің 9 өңірінде IT технология, туризм және медициналық, техникалық, педагогикалық мамандықтарды игеріп жатыр. Гүлшара Наушақызының айтуынша,

бағдарламаны аяқтаған тұлғаларға жұмысқа орналасуға да қолдау табылады.

– Жанаөзен, Жетібай, Қаракия сынды мұнайлы өлкеңіз жастары білім алып, тәжірибе жинағысы келеді, алайда оқу орындарының дені мұнай саласын оқытуға бейімделген. Сол себепті де «ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы бұл өңірде басқа да сұранысқа ие мамандықтардың қажетін ескеріп, «Жарқын Болашақ» бағдарламасын қолдауға ұсыныс берді. Бағдарлама іске қосылғаннан бастап 1 500-ге жуық жасты оқытып шығардық. 400 түлегіміз жұмыс істеп жатыр, ал қалғаны жоғары оқу орындарына түсіп, білімін жетілдіріп жүр, – дейді Г.Наушақызы.

Ал Техникалық колледж директоры Абай Барманқұлұлы Қытай елімен келіссөз отырып, электромобильдерді жөндеу мамандығын оқу бағдарламасына енгізіп жатқанын, колледж ұжымының ұшқышсыз ұшу аппараттарын басқару саласына да назар аударып отырғанын жасырмады. «Жарқын Болашақ» талай жастың болашағын жарқын етерін, алда бағдарлама аясы кеңейе түсеріне сеніміміз мол.

SPORT STYLE

5 НАУРЫЗ 2026 | БЕЙСЕНБІ



Чемпионат

Алдындағы сынақ

Жақында Болгарияда бокстан «Странджа кубогы» халықаралық турнирі өз мәресіне жеткен еді. Құрама сапындағы 39 боксшымыз өз бақтарын сынап көрді. Нәтижесінде, 9 медальға қол жеткізіп, оның төртеуін алтынмен қаптадық. Биыл боксшыларымыздың өнері өткен жылға қарағанда шикілеу көрінді. Ринг жаңа есімдермен толысқанымен, сенімді ақтамағандар да табылды.

Ерлер арасындағы бөсекеде 19 қазақстандық былғары қолғап шебері өнер көрсетті. Өкініштісі, екеуі ғана тұғырға көтеріле алды. 50 келіде Даниал Сабит финалда азербайжандық Биаллахбашы Назаровты жеңіп, чемпион атанды. Бұл — ерлер құрамасындағы жалғыз алтын. Ал 70 келіде Фарух Токтасынов финалда дейін сенімді жеткенімен, шешуші айкаста америкалық Лавант Браунлиге есе жіберіп, күміспен шектелді. Қалған боксшылар жартылай финалға да өте алмады.

Бұл долада әйелдер құрамасы ерлер құрамасына қарағанда сәтті өнер көрсетіп, үш алтын, бір күміс және үш қола медаль жеңіп алды. Алтын медальды неленгендердің қатарында Элина Базарова (54 кг), Надежда Рябец (80 кг) және Валерия Аксенова (80+ кг) бар. Базарова финалда Англиядан келген Лорен Маккидді, Рябец Түркиядан келген Ярен Дузтасты, ал Аксенова өзбекстандық Олтина Сотимбоеваны жеңді. Күміс медаль Фарух Токтасынов (70 келіге дейін) және Лаура Есенкелдіге (65 келіге дейін) бұйырса, қоланы Әнел Сакыш (54 келіге дейін), Валентина Халзова (75 келіге дейін) және Дина Исламбекова (80 келіден жоғары) қанжығалады.

Спорт журналисі Аслан Каженовтің ойынша, бұл турнир боксшыларымызды халықаралық сынақтан өткізуге жақсы мүмкіндік болды.

— Болгариядағы бокс бөсекесі аяқталып, енді елге жетіп жатырмыз. Иә, нәтиже көңіл көншітпейді. Бірақ бұл жолғы құраманың шама-шарқы осы. Нұржан Насанов екі халықаралық турнир арқылы барлық баланы тексеріп шықты. Ұлттық құрамда 42 жігіт болса, түгелге жуығы шаршы алаңға шығып, бағын сынады. Ел ішінде спарринг жасағаннан гөрі, халықаралық деңгейде сынақтан өткізу әлдеқайда тиімді шешім болды.

Тізгінді қолға алған соң, бапкер үшін ең маңыздысы — резервті толық көру. Осы жағынан алғанда, міндет орындалды деуге болады. Біреулер үмітті ақтамады. Біреулер сенімнен шықпады. Біреулер, тіпті, жанкүйер алдында ұятқа қалды. Олардың әрқайсысына жеке-жеке қорытынды жасалатыны анық, — дейді Аслан Каженов.

Сарапшы тағы бір сөзінде күтпеген жерден көзге түскен жастар бар екендігін айтты. «Олар қиын қарсыластармен тайсалмай айкасып, мінез көрсетті. Ондай боксшылар бапкерлік штабтың «дәптеріне» міндетті түрде түртілі», дейді ол.

— Соңғы күні бас бапкердің өзін сырттай бақыладым. Салықанды. Эмоцияға берілмейді.



Ұтылғанда да, жеңгенде де сабыр сақтайды. Бұл — жүйелі жұмыстың белгісі. Қазір дүрбеленге салынатын уақыт емес, сараптайтын кезең. Алдағы наурызда — Азия чемпионаты, қыркүйекте — Азия ойындары. Нағыз салмақ сол жарыстарда түседі. Бүгінгі нәтиже — тек аралық бақылау. Бас бапкердің жұмысына да, құраманың деңгейіне де нақты баға сол кезде беріледі. Әзірге айтарымыз сабыр мен сәттілік, — дейді спорт журналисі.

Иә, кезекті маңызы жоқ халықаралық турнир деп бейжай қарауға болмайды. Нәтиже бар сияқты көрінгенімен, сапа мен мазмұн тұрғысынан сұрақ көп.

— Қазір көпшілік жана бас бапкерді ақтап алуға тырысады. «Жастар барды, резерв сыналды. Негізгі құрам Азия чемпионатына дайындалып жатыр» деген уәждер айтылып жатыр. Әрине, құрамды сынау керек. Бірақ жыл сайын деңгейі төмендеп бара жатқан турнирден екі-ақ жүздемең оралу —

1 ай толмас бұрын бокстан Қазақстан ұлттық құрамасының бас бапкері Қайрат Сәтжанов қызметінен кеткен еді. Иә, спорт саласында жүрген біршама сарапшыны бұл шешім толғандырмай қоймады. Оған себеп — жазғы Олимпиадаға уақыттың аз қалуы. Мұндай құрамды түбегейлі жаңарту — тәуекелі мол шешім. Оның нәтижесі уақыт өте белгілі болады. Бірақ дәл қазір команда «өтпелі кезеңде» тұрғаны айдан анық.

бәрібір де көңілге қаяу түсіреді. Біз үнемі салыстыратын өзбек құрамасы бұл жолы да нәтижемен жауап берді: жалпы есебі тоғыз медаль, оның үшеуі — алтын. Бес боксшысы финалда жұдырықтасты. Қанша мойындағамыз келмесе де, қазір бокстан Өзбекстаннан қалып қойғанамыз — ашық шындық. Оған қоса төрешілер факторы тағы бар. Халықаралық рингте бізге бүйрегі бұра бермейтіні де жасырын емес, — дейді спорт сарапшысы Ақырыс Сейітказы.

Өздеріңізге белгілі, 1 ай толмас бұрын бокстан Қазақстан ұлттық құрамасының бас бапкері Қайрат

Сәтжанов қызметінен кеткен еді. Иә, спорт саласында жүрген біршама сарапшыны бұл шешім толғандырмай қоймады. Оған себеп — жазғы Олимпиадаға уақыттың аз қалуы. Мұндай құрамды түбегейлі жаңарту — тәуекелі мол шешім. Оның нәтижесі уақыт өте белгілі болады. Бірақ дәл қазір команда «өтпелі кезеңде» тұрғаны айдан анық.

— Иә, «Странджа» турнирін көпшілік бұрынғыдай мықты дода деп санамайды. Федерацияның бас хатшысы Мерей Ақшалов та былтыр сұхбатында бұл жарыстың беделі төмендегенін айтқан еді. Дегенмен ресми турнирлердің аздығын ескерсек, мұндай бөсекелер тәжірибе жинау үшін қажет. Испаниядағы Вохат турнирі мен Болгариядағы «Странджаға» қатыспаса амал жоқ. Өкініштісі, кіл мықтылар жиналмаған жарыстың өзінен жарытып нәтиже көрсете алмауымыз. Бұл — дабыл қағатын мәселе. Енді нақты жауапты Азия чемпионаты мен алдағы ірі додалар беруге тиіс, — дейді Ақырыс Сейітказы.

Жарыс аяқталған соң Ұлттық құраманың бас бапкері Нұржан Насанов турнирді қорытындылап, спортшылардың өнеріне баға беріп, алдағы жоспарларын бөлісті.

— Бұл жарысқа көптеген ел бірінші нөмірлі спортшыларын алып келді. Біз екінші және үшінші құрамдағы боксшыларға мүмкіндік бердік. Өзбекстан құрамасы да бірінші және екінші нөмірлі спортшыларын косты. Оған қоса қатысушылар саны артып, бөсеке жоғары деңгейде болды. Аталған турнир бізге қай тұста кемшілік барын, қай бағытта жұмыс істеу керектігін нақты көрсетті. Мәселен, 65 келі салмақта үш боксшыны сынап көрдім. 60 келіде Бейбарыс Жексен мен Руслан Күзеубаевқа мүмкіндік берілді. Өкінішке қарай, олар жарысты жеңіспен аяқтай алмады. Ауыр салмақта да кішігірім мәселелер бар. 80 келіде Санжарәлі Бегалиевті байқап көрдік, бірақ ол да жүлдеге жете алмады. Енді бапкерлер штабымен, федерациямен ақылдасып, шешім қабылдаймыз. Дегенмен негізгі құрамға қосыла алатын жас спортшылар бар. Олармен әлі де жүйелі түрде жұмыс жүргізу керек. Сондай-ақ бұл жарыс боксшыларымыз үшін тәжірибе болды. Олар әлем және Олимпиада ойындарында жолығуы мүмкін басты қарсыластарын байқап көрді, — дейді бас бапкер.

Оның сөзінше, бірнеше мемлекетте оқу-жаттығу жиындары көзделіп отыр.

— Биылғы басты мақсат — Азия чемпионаты мен Азия ойындары. Әр турнирге арналған нақты дайындық жоспары бекітілген. Құрама Азия ойындарына дейін циклдік жүйе бойынша әзірленеді. Қазір алғашқы цикл аяқталды: бірінші оқу-жаттығу жиыны «Алма-Тау» базасында өтті, екіншісі Испанияда ұйымдастырылды, одан кейін команда жарысқа қатысты. Әр цикл екі оқу-жаттығу жиыны мен бір турнирден тұрады.

Барлық спортшыға өзін көрсетуге мүмкіндік берілді, команданың әлеуеті сараланды. Енді жұмыс



сол талдауға сай жалғасады. Қазір бірінші нөмірлі боксшылар Алматыда дайындықты бастап кетті. 12 наурызда екінші кезеңге өтеміз, одан кейін Азия чемпионаты күтіп тұр. Азия ойындарына дейін жалпы төрт дайындық циклі жоспарланған. Сонымен қатар АҚШ-та оқу-жаттығу жиындары қарастырылған, ал соңғы кезең Жапонияда өтеді, — дейді бас бапкер.

Қорыта айтқанда, Болгариядағы Странджа кубогы Қазақстан боксшының толық деңгейін көрсетті деп айта алмаймыз. Тоғыз медаль — жаман көрсеткіш емес. Бірақ ерлер құрамасының әлісіз нәтижесі, бөсекелестермен арадағы алшақтық және құрамдағы тұрақсыздық бірқатар сұрақ туындатты. Дегенмен бұл турнир толық құрамды сынап көруге, резервті көруге мүмкіндік берді. Кемшіліктер ашық көрінді, әлеуеті бар жастар да назарға ілікті. Қазір бастысы — дұрыс қорытынды жасап, жүйелі дайындықпен алға кадам басу.

ЖАС БИАТЛОНШЫЛАР ЕРЛЕЙ АЛМАДЫ

Қазір Арберде (Германия) биатлоннан жасөспірімдер арасында әлем чемпионаты өтіп жатыр.



Әлемдік біріншілігі аясында бозбалалар мен жасөспірімдер арасында спринт жарысы ұйымдастырылды.

Бозбалалар арасында Кирилл Зотов 23-орын алды. Егор Немцев 49-орынға тұрақтаса, Евгений Полторанин 59-орыннан көрінді. Ал Никита Дудченко 75-орынға ие болды.

Жасөспірімдер арасында Захар Шкарин 39-орында мәреге жетті. Антон Редькин 59-орын алды. Ал Эрик Шефер 78-орынға жайғасса, Богдан Авизов 84-орынға тұрақтады. Кеше осы дисциплинада қыздар жарыс жолына шықты.

РЕКОРДТЫҚ ЖҮЛДЕ САРАПҚА САЛЫНДЫ

Күрес түрлерінен биылғы ел біріншілігі отандық спорт тарихында бұрын-соңды болмаған жаңалығымен ерекшеленбек. Қазақстан күрес федерациясының мәлімдеуінше, 2026 жылғы чемпионаттардың жалпы жүлде қоры рекордтық көрсеткішке 200 миллион теңгеге жетті.



Республикалық Федерацияның баспасөз қызметі нақтылағандай, бұл қомақты қаржы тек бір жарысқа ғана емес, олимпиадалық күрестің үш түрі (грек-рим, еркін және әйелдер күресі) бойынша барлық жас ерекшелігіне теңдей бөлінді.

Жуырда Астанада өткен 17 және 20 жасқа дейінгі спортшылар арасындағы ел біріншілігінің қорытындысы бойынша Федерацияның бас хатшысы Дамир Бекбосынов алғашқы нәтижелермен бөлісті. Оның айтуынша, бұл доланың жеңімпаздары мен жүлдегерлері жалпы сомасы 60 миллион теңге көлемінде сыйақы алған.

«Биыл чемпионаттарға 200 миллион теңге көлемінде қомақты жүлде қоры қарастырылған. Бұл — спортшылар мен жаттықтырушылар үшін нақты қолдау. Осындай шаралардың арқасында ел біріншіліктерінің деңгейі мен бөсекелестігі тек жоғарылай түсетініне сенімдімін», — деп атап өтті Дамир Бекбосынов.

Бұл стратегиялық шешім отандық күрес мектебінің беделін арттырып, балуандардың халықаралық аренадағы, соның ішінде әлем чемпионаты мен Олимпиада ойындарындағы дайындығына оң әсерін тигізбек. Ендігі кезек — рекордтық сыйақы үшін бозкілемде барын салатын балуандарда.

ИТАЛИЯЛЫҚ КЛУБПЕН КЕЛІСІМШАРТҚА ОТЫРДЫ

Қазақстандық футболшы Омар Мұрадов Италияның жоғары дивизионында өнер көрсететін «Болонья» клубымен келісімшарт жасасты.

Ақпарат көздерінің мәліметінше, қос тарап арасындағы келіссөздер бір жарым айға жуық уақытқа созылған. Айта кетерлік жайт, бұл процеске италиялық футболдың анызы, қазір клубтың спорттық директоры қызметін атқаратын Марко Ди Вайо жеке өзі қатысып, қазақстандық талантқа зор қызығушылық танытқан. Ресми құжат бойынша келісімшарт 2027 жылы күшіне енебек. Соған дейін Омар Мұрадовқа қойылған басты талаптардың бірі — италия тілін меңгеру. Ол клуб сапына еркін агент мәртебесінде қосылады. Келісімшарттың маңызды тармақтары мынадай: алғашқы алты айда ойыншы жастар құрамында бейімделу (адаптация) кезеңінен өтеді және осы мерзімнен соң футболшы бірден негізгі құрамға ауыстырылады.

Омар Мұрадовқа тек «Болонья» ғана емес, сонымен қатар италиялық «Милан», испаниялық «Жирона» және мәскеулік ЦСКА клубтары тарапынан да ұсыныстар түскен. Алайда «Болонья» ұсынған жобаның нақтылығы мен болашағының зор болуы қазақстандық футболшының осы ұжымды таңдауына себеп болды.

Бетті дайындаған Әсет ҚАЛИ

AMANAT
MEDIA GROUP

AIQYN

Меншік иесі — «Айқын-Литер» ЖШС

Директор —
Талғат ЕШЕНҰЛЫ

Бас редактор —
Амангелді ҚҰРМЕТ

Гүлзина БЕКТАС —
Бас редактордың
бірінші орынбасары

Мадияр ТӨЛЕУ —
Шығарушы редактор

Елдар ҚАБА —
Секретариат меңгерушісі

АЙМАҚТАҒЫ ТІЛШІЛЕР:
Абаал Алпысбайұлы —
Ақмола облысы
Алтынай Бауыржанқызы —
Алматы қаласы
Саятхан САТЫЛҒАН —
Жамбыл облысы
Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ —
Қарағанды облысы
Назғұл НАЗАРБЕК —
Шымкент қаласы
Жанат ҚАЙЫРҒОЖИНА —
Батыс Қазақстан облысы
Ербәкіт ЖАЛҒАСБАЙ —
Қызылорда облысы
Банн ЖАНЗАҚ —
Атырау облысы

«АЙҚЫН» ГАЗЕТИНІҢ
ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ:

Кәсіпорындар,
мекемелер үшін — 15102
Зейнеткерлер,
соғыс ардагерлері үшін — 55102
Жеке жазылушылар үшін — 65102

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:
8(707) 675-42-14, 8(7172) 72-95-31
reklama.aikyn@gmail.com

ЖАЗЫЛУ ЖӘНЕ ТАРАТУ БӨЛІМІ:
8(707) 804-61-32
podpiska.alt@gmail.com

Газет аптасына 3 рет шығады

Газет «Айқынның»
компьютер орталығында беттелді

ТАРАЛЫМЫ: 40 000

Талсырыс №4713
Астана қ. «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС
Сілеті көшесі 30,
тел.: 8(7172) 99-77-77
Алматы қаласы, «Алматы-Болашақ» АҚ
Мұқанов көшесі, 223 В
Шымкент қ. «ERNUR-print» ЖШС,
Әлімқұлов көшесі 22,
тел.: 8(7252) 53-06-66, 54-07-47 ішкі 114,